- Өскемен қ. Прапорщиково а. шегінде; Бражий бұлағының құйылысынан 15 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 5- класқа жатады: қалқыма заттар – 17,9 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- Предгорное а. Предгорное а. шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 3- класқа жатады: қалқыма заттар – 14,63 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- Семей қаласынан 4 км жоғары; су өлшеу бекетінен 4 км жоғары; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 4 - класқа жатады: қалқыма заттар – 6,5 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- Семей қ. 3 км қаладан төмен; Қалалық "Су каналы" Басқармасының ағынды суларының төгінділерінен 0,8 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 4 - класқа жатады: қалқыма заттар – 6,1 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Ертіс өзені бойында су температурасы 7,1 °С – 8,5 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,57-7,96, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,16-11,18 мг/дм³, ОБТ₅ 1,11-2,19 мг/дм³, түстілігі 17-46 градус, иісі – 0 балл.

Ертіс өзені ұзындығы бойынша су сапасы 4- класқа жатады: қалқыма заттар – 11,2 мг/дм³.

Бұқтырма өзені:

- Алтай қ. Лесная пристань а. шегінде; Хамир ө. құйылысынан 0,1 км төмен; (01) сол жағалау тұстамасында: су сапасы 4 - класқа жатады: қалқыма заттар -18,3 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- Алтай қ. Зубовка а. шегінде; Березовка ө. құйылысынан 1,5 км төмен; (01) сол жағалау тұстамасында: су сапасы 4- класқа жатады: қалқыма заттар- 20,5 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Бұқтырма өзені бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 7,6 °С-8,2 °С, сутегі көрсеткіші 7,75-7,82, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,43-10,62 мг/дм³, ОБТ₅ 1,05-1,07мг/дм³, 29-31 градус, иісі – 0 балл.

Бұқтырма өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 19,4 мг/дм³.

Брекса өзені:

- Риддер қ., Риддер қ. шегінде; Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 4- класқа жатады: қалқыма заттар – 11,4 мг/дм³, марганец 0,015 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды, марганецтің нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км; (09) оң жағалау: су сапасы 3-класқа жатады: аммоний ионы – 0,97 мг/дм³. Аммоний ионының нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Брекса өзені бойында су температурасы 7,2 °С – 8,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,73-7,84, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,45-10,60 мг/дм³, ОБТ₅ 0,94-1,33 мг/дм³, түстілігі 50-51 градус, иісі – 0 балл.

Брекса өзені ұзындығы бойынша су сапасы 3-класқа жатады: Аммоний ионы – 0,60 мг/дм³.

Тихая өзені:

- Риддер қ., Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол жағалау тұстамасында: су сапасы 4-класқа жатады: аммоний ионы – 1,46 мг/дм³. Аммоний ионы нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; гидро құрылғыларынан (бөгет) 0,23 км төмен; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары; (01) сол жағалау тұстамасында: су сапасы су сапасы 4-класқа жатады: аммоний ионы – 1,63 мг/дм³. Аммоний ионының нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Тихая өзені бойында су температурасы 7,8-7,9 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,69-7,80, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,83-10,47 мг/дм³, ОБТ₅ 1,35-1,51 мг/дм³, түстілігі 40-48градус, иісі 0 балл.

Тихая өзені ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: аммоний ионы – 1,46 мг/дм³.

Үлбі өзені:

- Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100м жоғары; Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 2 класқа жатады: марганец - 0,021 мг/дм³. Марганецтің концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- Риддер қ. Тишинск кенішінен 7,0 км төмен; Громотуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,162 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Өскемен қ. Каменный Карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 17,3 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы нақты фондық концентрациядан аспайды.

- Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (01) сол жағалау тұстамасында: су сапасы 2 - класқа жатады: марганец – 0,018 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 2 – класқа жатады: марганец – 0,020 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Үлбі өзені бойында су температурасы 6,6°С – 7,7°С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,67-7,70, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,35-11,07 мг/дм³, ОБТ₅ 1,13-1,28 мг/дм³, түстілігі 33-53 градус, иісі 0 балл.

Үлбі өзені бойында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,048 мг/дм³.

Глубочанка өзені:

- Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидрокұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 4-класқа жатады: қалқыма заттар – 23,5 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,142 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау тұстамасында: су сапасы 3 - класқа жатады: магний – 24,5 мг/дм³. Магний нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Глубочанка өзені бойында су температурасы 7,7-8,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,18-8,26, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,54-10,19 мг/дм³, ОБТ₅ 1,26-1,34 мг/дм³, түстілігі 24-25 градус, иісі 0-1 балл.

Глубочанка өзені ұзындығы бойынша су сапасы 3 класқа жатады: магний – 22,8 мг/дм³.

Красноярка өзені:

- Алтайский а. Алтайский а. шегінде гидрокұрылғылардан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өз. сағасынан 24 км жоғары; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 5-класқа жатады: қалқыма заттар– 26,5 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

-Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 3-класқа жатады: кадмий – 0,002 мг/дм³. Кадмидің нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Красноярка өзені бойында су температурасы 7,1-7,5 °С, сутегі көрсеткіші 8,27-8,30, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,74-10,84 мг/дм³, ОБТ₅ 1,19-1,28 мг/дм³, түстілігі 27-35 градус, иісі 0 балл.

Красноярка өзені ұзындығы бойынша су сапасы 2-класқа жатады: марганец - 0,063 мг/дм³, кадмий – 0,001 мг/дм³.

Оба өзені:

- Шемонаиха қ. Березовка ө. құйылысынан 1,8 км жоғары;(09) тұстамасында- су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 24,5 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

-Шемонаиха қ.Камышенка а. шегінде;Таловка ө. құйылысынан 4,1 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында- су сапасы 5- класқа жатады: қалқыма заттар – 18,1 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Оба өзені бойында су температурасы 8,8-8,9°C, сутегі көрсеткіші 7,87-7,94, судағы еріген оттегінің шоғыры 11,00-11,14 мг/дм³, ОБТ₅ 1,14-1,33 мг/дм³. Түстілігі 38-40 градус, иісі 0-1 балл.

Оба өзені бойында су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 21,3 мг/дм³.

Аягөз өзені:

Аягөз өзенінде су температурасы 14,0°C, сутегі көрсеткіші 8,21, судағы еріген оттегінің шоғыры 8,42 мг/дм³, ОБТ₅ 0,95 мг/дм³, түстілігі 51 градус, иіс – 0 балл.

Аягөз өз. тұстамасы су сапасы 4-класқа жатады: қалқыма заттар – 10,6 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Емел өзені:

Емел өзенінде су температурасы 15,5 °C, сутегі көрсеткіші 8,27, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,32 мг/дм³, ОБТ₅ 1,40 мг/дм³, түстілігі 40 градус, иіс – 0 балл.

Емель өз. тұстамасы су сапасы 3 класқа жатады: магний – 26,3 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Марқакөл көлі:

Марқакөл көлінде су температурасы 7,4°C, сутегі көрсеткіші 7,74, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,7 мг/дм³, ОБТ₅ 1,14 мг/дм³, түстілігі 19 градус, иіс – 0 балл.

Марқакөл көлі тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 38,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Өскемен су қоймасы:

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,24 км (су қоймасының ұзындығынан 0,2), гидрологиялық 8 а тігімен сәйкес келеді, 8 ап тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,24 км (су қоймасының ұзындығынан 0,2), гидрологиялық 8 а тігімен сәйкес келеді, 8ад тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,6 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5), гидрологиялық 8 б тігімен сәйкес келеді, 8бп тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,6 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5), гидрологиялық 8 б тігімен сәйкес келеді, 8бд тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,96 км (су қоймасының ұзындығынан 0,8), гидрологиялық 8 в тігімен сәйкес келеді, 8вп тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,96 км (су қоймасының ұзындығынан 0,8), гидрологиялық 8 в тігімен сәйкес келеді, 8вд тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Огневка а. НГФ сол жақ жағалауынан 0,5 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5) гидрологиялық 4 тігімен сәйкес келеді, 4 п тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,011 мг/дм³.

Огневка а. НГФ сол жақ жағалауынан 0,5 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5) гидрологиялық 4 тігімен сәйкес келеді, 4 д тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Огневка а. сол жақ жағалауынан 0,2 км (су қоймасының ұзындығынан 0,1) гидрологиялық 4а тігімен сәйкес келеді, 4 ап тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Огневка а. сол жақ жағалауынан 0,2 км (су қоймасының ұзындығынан 0,1) гидрологиялық 4а тігімен сәйкес келеді, 4 ад тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Огневка а. сол жақ жағалауынан 1,8 км (су қоймасының ұзындығынан 0,9) гидрологиялық 4в тігімен сәйкес келеді, 4 вп тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Серебрянск қ. Серебрянск қаласынан 5,4 км жоғары, сол жағалаудан тұстама бойынша 0,3 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5), тігінен 1а, 1 п тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,012 мг/дм³.

Серебрянск қ. Серебрянск қаласынан 0,5 км төмен, оң жағалаудан тұстама бойынша 0,2 км (су қоймасының ұзындығынан 0,17), тігінен 1а, 1 ап тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,011 мг/дм³.

Серебрянск қ. Серебрянск қаласынан 0,5 км төмен, оң жағалаудан тұстама бойынша 0,2 км (су қоймасының ұзындығынан 0,17), тігінен 1а, 1 ад тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Серебрянск қ. оң жағалаудан тұстама бойынша 0,8 км (су қоймасының ұзындығынан 0,67), тігінен 1в, 1 вп тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,014 мг/дм³.

Серебрянск қ. оң жағалаудан тұстама бойынша 0,8 км (су қоймасының ұзындығынан 0,67), тігінен 1в, 1 вд тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,012 мг/дм³.

Өскемен су қоймасы бойында су температурасы 8,7⁰С – 14,7 °С, сутегі көрсеткіші 8,07-8,14, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,85-10,26 мг/дм³, ОБТ₅ 1,10-1,24 мг/дм³, түстілігі 15-19 градус, иісі 0 балл.

Өскемен су қоймасы бойында су сапасы 1-класқа жатады.

Бұқтырма су қоймасы:

Жаңа Бұқтырма а. Соловок тауынан А бойынша 215° 0,9 км (0,36 су қойманың ұзындығынан), тігінен 1, 1п тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Жаңа Бұқтырма а. Соловок тауынан А бойынша 215° 0,9 км (0,36 су қойманың ұзындығынан), тігінен 1, 1д тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец 0,012 мг/дм³.

Жаңа Бұқтырма а. Соловок тауынан А бойынша 215° 1,6 км (0,64 су қойманың ұзындығынан), тігінен 1а, 1ап тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Жаңа Бұқтырма а. Соловок тауынан А бойынша 215° 1,6 км (0,64 су қойманың ұзындығынан), тігінен 1а, 1ад тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Хайрузовка а. Нарым өз. сағасынан А бойынша 254° 20 км (су қоймасы ұзындығынан 0,85), гидрологиялық 8 тігімен сәйкес келеді, 8п тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Хайрузовка а. Нарым өз. сағасынан А бойынша 254° 20 км (су қоймасы ұзындығынан 0,85), гидрологиялық 8 тігімен сәйкес келеді, 8д тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Хайрузовка а. Нарым өз. сағасынан А бойынша 254° 8,7 км, гидрологиялық 10 тігімен сәйкес келеді, 10п тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,013 мг/дм³.

Хайрузовка а. Нарым өз. сағасынан А бойынша 254° 8,7 км, гидрологиялық 10 тігімен сәйкес келеді, 10д тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,015 мг/дм³

Хайрузовка а. Хайрузовка ауылынан оңтүстікке қарай 3,6 км, 1,7 км (0,07 су қоймасы ұзындығынан) гидрологиялық 12 тігімен сәйкес келеді, 12п тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,013 мг/дм³.

Хайрузовка а. Хайрузовка ауылынан оңтүстікке қарай 3,6 км, 1,7 км (0,07 су қоймасы ұзындығынан) гидрологиялық 12 тігімен сәйкес келеді, 12д тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: фосфаттар -0,207 мг/дм³.

Құйған а., Құйған ауылынан оңтүстік батысқа қарай 1,5 км, нефтебаза және НГФ-дан А бойынша 250° 1,8 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5), гидрологиялық 17 тігімен сәйкес келеді, 17п тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Құйған а., Құйған ауылынан оңтүстік батысқа қарай 1,5 км, нефтебаза және НГФ-дан А бойынша 250° 1,8 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5), гидрологиялық 17 тігімен сәйкес келеді, 17д тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,016 мг/дм³.

Қарақас қысқаруы, төменгі Қарақас а. ОШ қарай 1,6 км, төменгі Қарақастың оңтүстік шекарасынан 1 км (су қоймасының ұзындығынан 0,52), гидрологиялық 20-тігімен сәйкес келеді, 20п тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,017 мг/дм³.

Крестовка а., азимут бойынша 270°, ара қашықтығы 2,5, тереңдігі 5,0, тігінен 4; 4п тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,029 мг/дм³.

Бұқтырма су қоймасы бойында су температурасы 10,3⁰С-22,0⁰С, сутегі көрсеткіші 7,96-8,31, судағы еріген оттегінің шоғыры 8,18-9,30 мг/дм³, ОБТ₅ 0,89-1,39 мг/дм³, түстілігі 15-18 градус, иісі 0 балл.

Бұқтырма су қоймасы бойында су сапасы 2-класқа жатады: марганец – 0,012 мг/дм³.

2019 жыл бойынша Шығыс Қазақстан аумағындағы су объектілерінің су сапасы

Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады: 1-класқа – Қара Ертіс өзені, Өскемен су қоймасы, 2-класқа – Үлбі өзені және Бұқтырма су қоймасы жатады, 3-класқа – Брекса, Глубочанка, Красноярка, Емел өзендері, 4- класқа – Ертіс, Бұқтырма, Тихая, Аягөз өзендері, 5-класқа - Оба өзені жатады, >5 класқа нормаланбайды – Марқакөл көлі жатады (кесте 4).

5.11 Гидробиологиялық және токсикологиялық, гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үстісулары сапасының сипаттамасы

2019 ж. 12 айы аралығында жоғарғы Ертіс алабы ағын суларының суы гидробиологиялық және токсикологиялық көрсеткіштер бойынша бірыңғай болмады. Биотестілеу нәтижесінде тест –объектілердің өлу пайыздық көрсеткіштері 12 айда орташа есеппен 50% дан жоғары болды, яғни орташа алғанда өзендер сулары өткір уыттылық әсер еткен жоқ. Тек төмен пайыздық көрсеткіш Красноярка өз. «Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау;» орташа есеппен 12 айда 51,7% құрады. Бұл жерде өткір уыттылық қаңтар, ақпан, тамыз, қараша және желтоқсан айларында тіркелген. Глубочанка өзені «Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау» тұстамада зерттелген мерзім ішінде өткір уыттылық орташа есеппен 63,6% құрады. Бұл жерде өткір уыттылық қаңтар, сәуір, шілде, қыркүйек және қараша айларында тіркелген. Глубочанка өзені «Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау» тұстамада өткір уыттылық орташа есеппен 66,4% құрады. Бұл жерде өткір уыттылық сәуір, қараша және желтоқсан айларында тіркелген.

Қолайсыз жағдай 12 ай мерзім ішінде Брекса өз. «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км; (09) оң жағалау» қараша айында тіркелді. Үлбі өз.(Тишинск кені) алынған су сынамаларында тіркелді. «Риддер қ. Тишинск кенішінен 7,0 км төмен; Громатуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау» тұстамада өткір уыттылық әсері наурыз және желтоқсан айында байқалды. Тихая өзені «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; гидро құрылғыларынан (бөгет)0,23 км төмен; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары; (01) сол жағалау» тұстамада да өткір уыттылық әсері наурыз, шілде айларында байқалды.

12 ай мерзім көлемінде Емел, Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Брекса «Риддер қ. шегінде; Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау», Тихая «Риддер қ., Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол жағалау», Үлбі (Өскемен қ.) және «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100м жоғары; Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау», Глубочанка «Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидрокұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау», Красноярка «Алтайский а.

Алтайский а.шегінде гидроқұрылғылардан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өз. сағасынан 24 км жоғары;(09) оң жағалау» және Оба өзендерінен алынған су сынамалары тірі ағзаларға өткір уытты әсер еткен жоқ.

2019 ж. сәуір-қазан айларында жоғарғы Ертіс алабы ағын суларының суы гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша бірыңғай емес. Перифитонның даму көрсеткіштері сапробты индексі бойынша орташа есеппен біршама төмен су сапасы Глубочанка өз. және Краснояр өз. байқалды. Қалған өзендер орташа ластанумен сипатталды.

2019ж. 12 айына макрозообентос көрсеткіштері бойынша «таза сулар» санатына келесі өзендерді жатқызуға болады: Қара Ертіс, Ертіс өз. «Предгорное а. Предгорное а.шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен; (09) оң жағалау», Бұқтырма, Брекса, Үлбі өз. «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100м жоғары; Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау» және «Каменный карьер а. шегінде» және Оба өзені. Су сапасының ластанған сулар санатына Ертіс өз. (Өскемен қ. қала шегінде; УК ГЭС -ы бөгетінен 0,8 км төмен; су өлшеу бекетінің тұстамасында (09) және Өскемен қ. 0,5км Конденсаторлы зауыт төгіндісінен төмен). Қалған өзендер орташа ластанумен сипатталды (7, 7.1-қосымшалар).

5.12 Шығыс Қазақстан облысы бойынша топырақтың жай-күйі

Көктем мезгілінде Өскемен қаласының топырақ сынамаларында хром құрамы 1,60-2,30 мг/кг, мырыш –425,80-838,80 мг/кг, қорғасын – 207,2-387,4 мг/кг, мыс – 1,80-11,0 мг/кг, кадмий – 4,0-14,6 мг/кг, шамасында болды.

Қаланың әр түрлі аудандарындағы ШЖШ-дан жоғарылаған металдардың:

- Тракторная көшесі мен Абай даңғылы қиылысында қорғасын– 12,1 ШЖШ, мыс– 1,1 ШЖШ, мырыш – 36,5 ШЖШ;

- Рабочая мен Бажов көшелерінің қиылысында ("Казцинк" ЖШС-нен 1 км) мырыш – 21,9 ШЖШ, қорғасын – 7,7 ШЖШ;

- Н. Назарбаев даңғылы ауданында (МАИ ауданы "КазЦинк" ЖШС-нен ОБ 3 км) қорғасын –6,5 ШЖШ, мыс – 1,5 ШЖШ, мырыш – 9,9 ШЖШ;

- "Голубые озера" саябағы ауданында ("Казцинк" ЖШС-нен 3 км) қорғасын – 7,0 ШЖШ, мыс– 3,7 ШЖШ, мырыш – 18,5 ШЖШ;

- №34 мектептің аумағында ("Казцинк" ЖШС-нен 3 км) қорғасын – 8,1 ШЖШ, мыс– 3,7 ШЖШ, мырыш – 18,5 ШЖШ концентрацияларын құрады.

Топырақ сынамасындағы хромның құрамы шекті норма шамасында болды.

Күз мезгілінде Өскемен қаласының топырақ сынамаларында хром құрамы 0,2-1,1 мг/кг, мырыш –86,6-906,4 мг/кг, қорғасын – 52,4-874,6 мг/кг және мыс – 0,33-41,6 мг/кг шамасында болды.

Қаланың әр түрлі аудандарындағы ШЖШ-дан жоғарылаған металдардың:

- Тракторная көшесі мен Абай даңғылы қиылысында қорғасын– 27,3 ШЖШ, мыс– 13,9 ШЖШ, мырыш – 39,4 ШЖШ;

- Рабочая мен Бажов көшелерінің қиылысында ("Казцинк" ЖШС-нен 1 км) мыс – 25,2 ШЖШ, мырыш – 30,6 ШЖШ, қорғасын – 121,1 ШЖШ;

- Н. Назарбаев даңғылы ауданында (МАИ ауданы "КазЦинк" ЖШС-нен ОБ 3 км) қорғасын – 10,1 ШЖШ, мыс – 2,5 ШЖШ, мырыш – 13,3 ШЖШ;

- "Голубые озера" саябағы ауданында ("Казцинк" ЖШС-нен 3 км) мырыш – 3,8 ШЖШ, қорғасын – 1,6 ШЖШ;

- №34 мектептің аумағында ("Казцинк" ЖШС-нен 3 км) қорғасын – 8,7 ШЖШ, мыс – 1,1 ШЖШ, мырыш – 36,5 ШЖШ концентрацияларын құрады.

Топырақ сынамасындағы хромның құрамы шекті норма шамасында болды.

Көктем мезгілінде Риддер қаласында топырақ сынамаларында хром құрамы 2,5-5,6 мг/кг, мырыш – 36,1-1127,9 мг/кг, қорғасын – 95,5-449,6 мг/кг және мыс – 0,4-27,2 мг/кг кадмий – 2,2-8,0 мг/кг шамасында болды.

- саябақ аумағының ауданында (мырыш зауытынан батысқа қарай 1,7 км, қорғасын зауытынан ОБ бағытында 2 км) қорғасын – 3,0 ШЖШ, мырыш – 1,6 ШЖШ;

- Мырыш зауытының СҚА ауданында (мырыш зауытынан батысқа қарай 1 км, қорғасын зауытынан ОБ бағытында 3,5 км) мырыш – 48,0 ШЖШ, мыс – 7,4 ШЖШ, қорғасын – 13,7 ШЖШ;

- Қорғасын зауытының СҚА ауданында (мырыш зауытынан СШ қарай 3,5 км, қорғасын зауытынан шығыс бағытында 0,8 км) мырыш – 49,0 ШЖШ, қорғасын – 14,1 ШЖШ, мыс – 9,1 ШЖШ;

- №3 мектептің аумағында (қорғасын зауытынан ОБ қарай 2,9 км, мырыш зауытынан ОБ бағытында 4 км) қорғасын – 6,6 ШЖШ, мыс – 2,2 ШЖШ, мырыш – 23,9 ШЖШ концентрацияларын құрады.

- 1-ші аудан ең көбірек жүктелген автомагистраль ауданында (мырыш зауытынан оңтүстікке қарай 3 км, қорғасын зауытынан оңтүстік бағытында 7,5 км) қорғасын – 3,0 ШЖШ, мырыш – 1,7 ШЖШ концентрацияларын құрады.

Топырақ сынамасындағы хромның құрамы шекті норма шамасында болды.

Күз мезгілінде Риддер қаласының топырақ сынамаларында хром құрамы 0,41-108,5 мг/кг, мырыш – 27,1-1145,3 мг/кг, қорғасын – 80,5-669,3 мг/кг және мыс 0,14-25,2 мг/кг, кадмий – 1,3-17,6 мг/кг шамасында болды.

- саябақ аумағының ауданында қорғасын – 2,5 ШЖШ, мырыш – 1,2 ШЖШ;

- Мырыш зауытының СҚА ауданында мырыш – 49,8 ШЖШ, мыс – 5,8 ШЖШ, қорғасын – 20,9 ШЖШ;

- Қорғасын зауытының СҚА ауданында мырыш – 48,8 ШЖШ, қорғасын – 14,4 ШЖШ;

- №3 мектептің аумағында қорғасын – 10,1 ШЖШ, мыс – 2,4 ШЖШ, мырыш – 21,5 ШЖШ концентрацияларын құрады.

- ең көбірек жүктелген автомагистраль ауданында қорғасын – 3,4 ШЖШ, мырыш – 1,3 ШЖШ, мыс – 8,4 ШЖШ концентрацияларын құрады.

Топырақ сынамасындағы хромның құрамы шекті норма шамасында болды.

Көктем мезгілінде Семей қаласында топырақ сынамаларында хром құрамы 0,05-4,5 мг/кг, мырыш –1,8-27,4 мг/кг, қорғасын –12,9-45,02 мг/кг, мыс– 0,16-5,0 мг/кг, кадмий –0,10-0,45 мг/кг шамасында болды.

- «Семейцемент» СҚА ауданында (Глинки к., қашықтық көзден 1 км аралықта) мыс– 1,7 ШЖШ, мырыш – 1,2 ШЖШ;

- Әуезов даңғылы ауданында қорғасын – 1,4 ШЖШ;

Топырақ сынамасындағы хромның құрамы шекті норма шамасында болды.

Автомагистраль (Қабанбай батыр к.), №3 мектептің және орталық саябақ ауданында анықталатын барлық ауыр металдар концентрациялары норма шамасында болды.

Күз мезгілінде Семей қаласының топырақ сынамаларында хром құрамы 0,2-0,64 мг/кг, мырыш –3,6-23,1 мг/кг, қорғасын –5,5-45,72 мг/кг, мыс–0,06-1,9 мг/кг, кадмий –0,02-0,36 мг/кг шамасында болды.

- «Семейцемент» СҚА ауданында (Глинки к., қашықтық көзден 1 км аралықта) мырыш – 1,0 ШЖШ;

- Әуезов даңғылы ауданында (орталық қазандықтан 2 км) қорғасын – 1,4 ШЖШ, мыс– 1,0 ШЖШ,;

Автомагистраль (Қабанбай батыр к.), №3 мектептің ауданы мен орталық саябақ ауданында анықталатын барлық ауыр металдар концентрациялары норма шамасында болды.

5.13 Шығыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 17 метеорологиялық стансада (Ақжар, Аягөз, Дмитриевка, Баршатаc, Бақты, Зайсан, Жалғызтөбе, Қатон-Қарағай, Көкпекті, Күршім, Риддер, Самарка, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен, Шар, Шемонаиха) бақылау жүргізілді (5.14 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,04-0,45 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,14 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді

5.14 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 7 метеорологиялық станцияда (Аягөз, Баршатаc, Бақты, Зайсан, Көкпекті, Семей, Өскемен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (5.14-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-2,7 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,6 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



5.14 сур. Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

6 Жамбыл облысының қоршаған орта жай-күйі

6.1 Тараз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (6.1-сур., 6.1-кесте).

6.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Шымкент көшесі, 22	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
2			Рысбек батыр көшесі, 15, Ниетқалиев	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, ерігіш

			көшесінің бұрышы	сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлысутек, формальдегид
3			Абай және Төле би көшелерінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлысутек, формальдегид, бенз(а)пирен, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
4			Байзақ батыр көшесі, 162	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, формальдегид
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, көміртегі диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірттісутегі, аммиак



6.1 сур. Тараз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2019 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.1сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол АЛИ=6 (көтеріңкі деңгей), СИ=4,3 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=4% (көтеріңкі деңгей) мәндерімен анықталды.

Азот диоксидінің орташа шоғырлары 1,8 ШЖШ_{о.т.}, озон (жер беті) – 1,3 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар мен ауыр металдардың шоғырлары ШЖШ дан аспады. (1 кесте).

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды-бір реттік шоғырлары 3,4 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 3,2 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,9 ШЖШ_{м.б.}, озон (жер беті) – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 4,3 ШЖШ_{м.б.}, фторлы сутегі – 1,4 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады. (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.2 Жанатас қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.2-сур., 6.2-кесте).

6.2 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Үзіліссізрежимде	Тоқтаров көшесі, 27/1 және 27-а	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді және оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



6.2-сурет. Жанатас қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2019 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, ол АЛИ=4 (төмен

деңгей), СИ=2 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Азот диоксидінің орташа шоғырлары 1,1 ШЖШ_{о.т.}, озон (жербеті) – 1,9 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады. (1 кесте).

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды бір-реттік шоғырлары 1,1 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері – 1,9 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 1,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады. (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.3 Қаратау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.3-сур., 6.3-кесте).

6.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тамды әулие, №130	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі



6.3-сурет. Қаратау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2019 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.3-сур.) Қаратау қаласы атмосфералық

ауасының жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол СИ=3,6 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=2% (көтеріңкі деңгей) мәндерімен анықталды.

Озонның (жербеті) орташа шоғырлары 1,2 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады. (1 кесте).

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды бір-реттік шоғырлары 3,5 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері – 3,6 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 1,7 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады. (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.4 Шу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.4-сур., 6.4-кесте).

6.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Шу қалалық ауруханасының маңында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі



6.4-сурет. Шу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2019 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) Шу қаласы атмосфералық

ауасының жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол СИ=2,3 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) мәндерімен анықталды.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ дан аспады. (1 кесте).

Озонның (жер беті) максималды бір-реттік шоғырлары 1,1 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 2,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады. (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.5 Қордай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.5-сур., 6.5-кесте).

6.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Жібек жолы көшесі, №496«А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртсутегі, аммиак



6.5 сур. Қордай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2019 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.5-сур.) Қордай кентінің атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол АЛИ=5 (көтеріңкі деңгей), СИ=1,9 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) мәндерімен анықталды.

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

Озонның (жербеті) орташа шоғырлары 2,2 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады. (1 кесте).

PM-10 қалқыма бөлшектерінің максималды бір-реттік шоғырлары 1,7 ШЖШ_{м.б.}, озон (жербеті) – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 1,9 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады. (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.6 Жамбыл облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияларда (Нұрлыкент, Тараз, Төле би) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді (6.6 сур.).

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 24,6%, хлоридтер 9,7%, гидрокарбонаттар 32,9%, натрий иондары 6,3%, кальций иондары 13,1 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Төле би МС – 74,9 мг/л, ең азы Нұрлыкент МС – 19,4 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі 33,1 мкСм/см-ден (Нұрлыкент МС) 120,5 мкСм/см (Төле би МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы сілтісі аз сипатта болып, 5,1 (Нұрлыкент МС) – 6,4 (Төле би МС) аралығында болды.

6.7 Жамбыл облысы бойынша 2019 ж.арналған қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау 2 метеостанцияда (Тараз, Нұрлыкент) жүргізілді (6.6-сурет).

Қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Қар жамылғысы сынамаларында гидрокарбонаттар 19,88 %, сульфаттар 18,61 %, хлоридтер 19,76 %, натрий және нитриттер иондары 9,73 %, кальций 9,85 % басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Нұрлыкент МС – 16,55 мг/л белгіленді.

Қар жамылғысының үлесті электр өткізгіштігі 29,7 мкСм/см-ден (Нұрлыкент МС) шегінде болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдығы әлсіз-қышқыл сипатта болып, 4,95 (Нұрлыкент МС) аралығында болды.



6.6 сур. Жамбыл облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

6.8 Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 10 су нысанында жүргізіледі (Талас, Аса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері, Билікөл көлі және Тасөткел су қоймасы).

Шу, Талас және Аса өзендерінің бассейн ағындары Қырғызстан Республикасы аумағында іс жүзінде толықтай белгілі нысанға келеді. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері Шу өзенінің тармағы болып келеді.

Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Талас өзені:

- тұстама Жасөрген а. 0,7 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 51,5 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тараз қаласынан 7,5 км жоғары, ГРЭС сарқынды сулары шығарымынан 0,7 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 80,1 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Солнечный кенті, гидробекеттен 0,5 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 76,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тараз қаласынан 10 км төмен, қант және спирт комбинаттарының фильтрация алқаптарынан шыққан коллекторлы-дренаж суларынан 0,7 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 74,9 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама п.Темірбек 0,5 км төменде: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар – 0,002 мг/дм³.

Талас өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 2,0-26,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,65-8,25, суда еріген оттегінің шоғыры 6,72-13,3 мг/дм³, ОБТ₅ 1,09-5,44 мг/дм³ құрады, түсі 5-10 градус аралығында, судың иісі – 0 балл.

Талас өзенінің су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 64,4 мг/дм³.

Асса өзені:

- тұстама Маймақ т/ж станциясы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 56,4 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Аса а. 500м. төмен: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 30,3 мг/дм³, темір (3+) – 0,03 мг/дм³.

Асса өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 1,4-21,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,25-8,25, суда еріген оттегінің шоғыры 7,48-11,6 мг/дм³, ОБТ₅ 1,09-6,06 мг/дм³, түсі 5-10 градус аралығында, иісі – 0 баллды құрады.

Асса өзенінің су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 63,8 мг/дм³.

Берікқара өзені су температурасы 2,2-19,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,80-8,25, суда еріген оттегінің шоғыры 7,79-11,8 мг/дм³, ОБТ₅ 1,09-2,79 мг/дм³, түсі 0-5 градус, иісі – 0 баллды құрады.

- Берікқара өзені тұстамасы, тау су ағысы шығысы тұсынан 6 км. оңтүстікке қарай, Абдіқадір а.: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 49,7 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Билікөл көлінің су температурасы 2,0-28,6⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,50-8,15, суда еріген оттегінің шоғыры 6,60-9,70 мг/дм³, ОБТ₅ 6,90-15,5 мг/дм³, түсі 5-10 градус, иісі 0-3 баллды құрады.

- тұстама "Ветерок" демалыс аймағы (Жаңаөткел а.): су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОБТ₅ – 11,3 мг/ дм³, ОХТ – 56,6 мг/дм³, қалқыма заттар – 96,3 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады, ОБТ₅ және ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Шу өзені

- тұстама Қайнар а. (Благовещенское а.): 4 класқа жатады: ХПК – 31,2 мг/дм³, темір (3+) – 0,06 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, ОХТ және темір (3+) нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Д.Конаева а. 0,5 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) – 0,03 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³.

Шу өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 1,6-25,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,40-8,25, суда еріген оттегінің шоғыры 7,94-12,9 мг/дм³, ОБТ₅ 1,66-7,06 мг/дм³, түсі 5-10 градус, иісі – 0 баллды құрады.

Шу өзенінің су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір(3+) – 0,05 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³.

Ақсу өзенінің су температурасы 2,0-24,6⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,70-8,00, суда еріген оттегінің шоғыры 7,94-12,3 мг/дм³, ОБТ₅ 1,20-5,78 мг/дм³, түсі 5-10 градус, иісі – 0 баллды құрады.

- тұстама Ақсу а. 0,5 км жоғары, Ақсу өзені сағасынан 10 км: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 204,6 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қарабалта өзені су температурасы 1,80-26,4⁰С шегінде, сутегі көрсеткіш 7,65-8,15, суда еріген оттегінің шоғыры 6,36-12,4 мг/дм³, ОБТ₅ 2,22-4,82 мг/дм³, түсі 5-15 градус, иісі – 0 балды құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Баласағұн а., өзен сағасынан 29 км: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 240,1 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Тоқташ өзені су температурасы 1,8-22,8⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,60-8,20, суда еріген оттегінің шоғыры 6,42-11,5 мг/дм³, ОБТ₅ 2,18-5,98 мг/дм³, түсі 5-10 градус, иісі – 0 баллды құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Жауғаш Батыр а. ауыл шетіндегі өзен сағасынан 78 км қашықтықта: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 128,8 мг/дм³. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Сарықау өзені су температурасы 1,8-24,6⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,35-8,70, суда еріген оттегінің шоғыры 6,77-12,7 мг/дм³, ОБТ₅ 2,9-9,94 мг/дм³, түсі 5-15 градус, иісі – 0 баллды құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Шу өзеніне құйғанға дейін 35км, Мерке ауылынан 63 км: 4 класқа жатады: магний – 64,7 мг/дм³, ХПК – 32,9 мг/дм³, сульфаттар – 387,9 мг/дм³, темір(3+) – 0,19 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. ХПК, сульфаттар, магний және фенолдар нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, темір (3+) нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Тасөткел су қоймасы су температурасы 2,0-22,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,65-8,20, суда еріген оттегінің шоғыры 8,10-12,3 мг/дм³, ОБТ₅ 2,12-5,98 мг/дм³, түсі 5 градус, иісі – 0 баллды құрады.

- тұстама Тасөткел а., Тасөткел стансасынан оңтүстікке қарай 2,5 км, су қойма бөгенінен (оңтүстік-шығысқа) 0,5 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 92,25 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Бірыңғай жіктеу бойынша 2019 жылы Жамбыл облысы аумағындағы су нысандарының су сапасы келесідей бағаланады: нормаланбайды (>3 класс) – Шу өзені; 4 класс – Сарықау өзені; нормаланбайды (>5 класс) – Талас, Асса, Берікқара, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ өзендері, Билікөл көлі және Тасөткел су қоймасы.

6.9 Жамбыл облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Көктем мезгілінде Тараз қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамасында хром концентрациясы 0,18-0,45 мг/кг, мырыш – 3,80-10,40 мг/кг, мыс – 0,30-1,10 мг/кг қорғасын – 19,0-39,60 мг/кг, кадмий – 0,10-0,58 мг/кг шамасында өзгерді.

Қаладағы түрлі аудандардағы көктем мезгіліндегі топырақ құрамындағы ауыр металдардың ШЖШ асуы:

- айналма жол ауданында қорғасын концентрациясы – 1,1 ШЖШ шамасында болды.

- №40 мектеп ауданында қорғасын концентрациясы – 1,2 ШЖШ шамасында болды.

Мәдениет және демалыс саябағы, қант зауыты, орталық алаң ауданында анықталатын ауыр металдар құрамы қалыпты көлемде болды.

Қаратау қаласында тау-кен қайта өңдеу комбинаты 500 м ауданында және метеостанция ауданында топырақ сынамаларында анықталатын ауыр металдар құрамы 0,2 – 26,2 мг/кг шамасында болды. Метеостанция ауданында ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Жанатас қаласы шетіндегі жаңармай құятын станция және тау-кен өндіру комбинатының ТКӨ ауданында алынған топырақ сынамасында кадмий, мырыш, қорғасын, хром, мыс құрамы 0,15 – 25,20 мг/кг шамасында өзгерді.

Жаңармай құятын станция және тау-кен өндіру комбинатының ТКӨ ауданында ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Шу қаласында түрлі аудандарда алынған топырақ сынамасында қорғасын, мырыш, мыс, кадмий және хром құрамы 0,1 – 18,5 мг/кг шамасында болды. Қала орталығы және қалаға кіретін аумақ аудандарында барлық анықталатын қоспалар ШЖШ көлемінде болды.

Қосалқы станция және **Қордай ауылы** орталығында алынған топырақ сынамаларында ауыр металдардың құрамы 0,12 – 24,3 мг/кг шамасында өзгерді.

Күз мезгілінде Тараз қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамасында кадмий – 0,1-0,4 мг/кг, қорғасын – 20,4-36,6 мг/кг, мыс – 0,3-1,6 мг/кг, хром – 0,4-0,8 мг/кг, мырыш – 4,1-8,1 мг/кг шамасында болды.

Қаладағы түрлі аудандардағы күз мезгіліндегі топырақ құрамындағы ауыр металдардың ШЖШ асуы:

- айналма жол ауданында қорғасын концентрациясы – 1,1 ШЖШ шамасында болды.

- №40 мектеп ауданында қорғасын концентрациясы – 1,0 ШЖШ шамасында болды.

Мәдениет және демалыс саябағы, қант зауыты, орталық алаң ауданында анықталатын ауыр металдар құрамы қалыпты көлемде болды.

Қаратау қаласында тау-кен қайта өңдеу комбинаты 500 м ауданында және метеостанция ауданында топырақ сынамаларында анықталатын ауыр металдар құрамы 0,2 – 26,1 мг/кг шамасында болды. Метеостанция ауданында ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Жанатас қаласы шетіндегі жаңармай құятын станция және тау-кен өндіру комбинатының ТКӨ ауданында алынған топырақ сынамасында кадмий, мырыш, қорғасын, хром, мыс құрамы 0,1 – 23,6 мг/кг шамасында өзгерді.

Жаңармай құятын станция және тау-кен өндіру комбинатының ТКӨ ауданында ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Шу қаласында түрлі аудандарда алынған топырақ сынамасында қорғасын, мырыш, мыс, кадмий және хром құрамы 0,1 – 18,6 мг/кг шамасында болды. Қала орталығы және қалаға кіретін аумақ аудандарында барлық анықталатын қоспалар ШЖШ көлемінде болды.

Қосалқы станция және *Қордай ауылы* орталығында алынған топырақ сынамаларында ауыр металдардың құрамы 0,1 – 22,6 мг/кг шамасында өзгерді.

6.10 Жамбыл облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық стансада (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүргізіледі (6.8 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,08 – 0,24 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

6.11 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Тараз, Төле би, Шығанақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (6.8-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7 – 5,1 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,4 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



6.8 сур. Жамбыл облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

7 Батыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі


7.1 Орал қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (7.1-сур., 7.1-кесте).

7.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	№1 өрт сөндіру бөлімінің маңы (Гагарин көшесі, №25 үйдің ауданы)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы
3			Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы, озон (жербетті)
5			Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді, күкіртті сутек, озон (жербеті)



7.1-сурет. Орал қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2019 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, ол АЛИ=2 (төмен деңгей), СИ=4,0 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=3% (көтеріңкі деңгей) мәндерімен анықталды.

**БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.*

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1 кесте).

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды-бір реттік шоғырлары 1,6 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері – 3,4 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,3 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 2,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 4,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

7.2 Орал қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Орал қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – «Пластик» зауытының ауданы, Шолохов және Штыбкөшелері; №2 нүкте – «Конденсат» АҚ ауданы, Шаган өз. арқылы көпір ауданы) жүргізілді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегінің, көмірсулардың, аммиактың, бензолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (7.2-кесте).

7.2-кесте

Орал қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,0970	0,3232	0,0801	0,2671
Күкірт диоксиді	0,0174	0,0348	0,0160	0,0321
Көміртегі оксиді	3,9725	0,7945	2,5849	0,5170
Азот диоксиді	0,0769	0,3845	0,0740	0,3700
Азот оксиді	0,0272	0,0680	0,0272	0,0680
Күкіртті сутегі	0,0025	0,3163	0,0023	0,2906
Көмірсулар	28,919	-	25,69	-
Аммиак	0,0921	0,4603	0,1911	0,9555
Формальдегид	0	0	0	0
Бензол	0,0812	0,2707	0,0866	0,2885


7.3 Ақсай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1стационарлық бекетте жүргізілді (7.2-сур., 7.3-кесте).

7.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
4	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Утвинская көшесі, 17	аммиак, РМ-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, гамма сәулеленудің эквиваленттік дозасының қуаттылығы, озон (жербетті)
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Заводская көшесі, 35	аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, озон(жербеті)



7.2-сурет. Аксай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2019 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.2-сур.) Аксай қаласының атмосфералық ауасы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, ол АЛИ=1 (төмен деңгей), СИ=4,0 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) мәндерімен анықталды.

**БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.*

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1 кесте).

РМ-10 қалқыма бөлшектерінің максималды-бір реттік шоғырлары 1,2 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,8 ШЖШ_{м.б.}, озон (жер беті) – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 4,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


7.4 Январцево кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.4-сур., 7.5-кесте).

7.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Рабочая к-сі, 16	аммиак, азот диоксиді, азот оксиді, көміртек оксиді, озон (жербетті)



7.4-сурет. Январцево кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2018 жыдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.4-сур.) атмосфералық ауасының ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, ол АЛИ=1 (төмен деңгей), СИ=1,1 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1 кесте).

Озонның (жер беті) максималды-бір реттік шоғырлары 1,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

7.5 Январцево кентінің эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Январцево кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау (*Чинарево кенорнының ауданына жақын*) жүргізілді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкірттісутектің, көмірсулардың, аммиактың, бензолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкірттісутегінің, көмірсулардың, аммиактың, бензолдың және формальдегидтің шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (7.6-кесте).

7.6 -кесте

Январцево кентінің бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максимальды шоғыры

Ластаушы заттар	Сынама нүктесі	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,078	0,26
Күкірт диоксиді	0,0098	0,0196
Көміртегі оксиді	1,8041	0,3608
Азот диоксиді	0,0883	0,4415
Азот оксиді	0,0415	0,1038
Күкіртті сутегі	0,0027	0,3413
Көмірсулар	23,009	-
Аммиак	0,0188	0,094
Формальдегид	0	0
Бензол	0,062	0,2067

7.6 Батыс Қазақстан облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 4 метеостанцияларда (Ақсай, Жалпақтал, Каменка, Орал) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді (7.5 сур.).

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары кадмийді қоспағанда, шекті рұқсат етілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Кадмийдің шоғырлары 1,5 ШЖШ (Жалпақтал МС) және 2,9 ШЖШ (Каменка МС) құрады.

Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 24,9%, хлоридтер 11,2%, гидрокарбонаттар 31,7%, натрий иондары 7,5%, кальций иондары 12,9% болды.

Ең үлкен жалпы минералдылығы Орал МС – 100,0 мг/л, ең азы Ақсай МС – 44,5 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 94,3 мкСм/см-ден (Ақсай МС) 149,7 мкСм/см (Орал МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы сілтісі аз сипатта болып, 6,4 (Ақсай МС) – 6,95 (Жалпақтал МС) аралығында болды.

7.7 Батыс Қазақстан облысы бойынша 2019 ж. арналған қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау 4 метеостанцияда (Жалпақтал, Каменка, Жамбейті, Тайпак) (7.5-сурет) жүргізілді.

Қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Қар жамылғысы сынамаларында гидрокарбонаттар 37,62%, сульфаттар 12,62%, хлоридтер 14,81%, кальций иондары 15,63 %, натрий иондары 8,52% басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Каменка МС – 25,33 мг/л, ең азы Жамбейті МС – 13,46 мг/л белгіленді.

Қар жамылғысының үлесті электр өткізгіштігі 23 мкСм/см-ден (Жамбейті МС) 44,3 мкСм/см (Жалпақтал МС) дейінгі шекте болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық әлсіз қышқыл және сілтісі аз сипатта болып, 5,20 (Жамбейті МС) – 6,50 (Тайпак МС) аралығында өзгерді.



7.5 сур. Батыс Қазақстан облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

7.8 Батыс Қазақстан аумағындағы жер үсті су сапасы

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 9 су нысанында Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау өзендерінде, Көшім су арнасында және Шалқар көлінде жүргізілді.

Жайық өзені:

- тұстама Январцево ауылы: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 25мг/л. Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Орал қаласынан 0,5 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 22,91 мг/ л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Орал қаласынан 11,2 км төмен,гидробекеті: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 22,16 мг/л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Көшім ауылы: су 2 класқа жатады: қалқыма заттар – 21,25 мг/л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тайпақ ауылы: су сапасы 1 класқа жатады:

Жайық өзені бойынша су температурасы 0,1-26,0°C, сутегі көрсеткіші 7,25-7,91, суда ерітілген оттегінің концентрациясы орта есеппен 4,1-18,69 мг/дм³, ОБТ₅ 1,59-5,64 мг/дм³ құрады, түсі 2-15 градус, иісі - барлық тұстамада 0 балл. Жайық өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 22,8 мг/л.

Шаған өзені:

- тұстама Шаған өзенінің сағасынан 0,5 км жоғары: су сапасы 3 класқа жатады: қалқыма заттар – 22,6 мг/л; ОБТ₅– 3,20 мг/л. ОБТ₅, қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Орал қаласынан 0,4 км жоғары, шаруашылық тоғаны шығарымынан 1 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 22,5мг/л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Чувашинский ауылы: су сапасы 4 класқа жатады: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 24,25 мг/л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Шаған өзені бойынша судың температурасы 0,1-26,2°C, сутегі көрсеткіші 7,27-7,71, суда ерітілген оттегінің концентрациясы 4,9-18,69 мг/дм³, ОБТ₅ 1,55-5,65 мг/дм³, түсі-2-14 градус, иісі - 0 балл.

Шаған өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 22,8 мг/л.

Деркөл өзені:

– тұстама Селекционный ауылы: су сапасы 3 класқа жатады: ОБТ₅– 3,18 мг/л. ОБТ₅ нақты концентрациясы фондық класстан асады.

– тұстама Ростошский ауылы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс) жатады: хлоридтер – 355,38 мг/л. Хлоридтер концентрациясы фондық класстан аспайды.

Деркөл өзені бойынша су температурасы 0,1-26,5°C, сутегі көрсеткіші 7,36-7,84, суда еріген оттегінің концентрациясы 6,45-16,26 мг/дм³, ОБТ₅ 1,57-6,45 мг/дм³ құрады, түсі 3-13 градусқа дейін; иісі - 0 балл.

Деркөл өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 3 класқа жатады- ОБТ₅– 3,14 мг/л.

Елек өзені:

– тұстама Шілік ауылы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 436,03 мг/ л. Хлоридтер концентрациясы фондық класстан асады.

Елек өзені бойынша су температурасы 0,1-21°C, сутегі көрсеткіші 7,27-7,78, суда еріген оттегінің концентрациясы 6,49-13 мг/дм³, ОБТ₅ 2,03-3,24 мг/дм³ шегінде, түсі-5 -13 градус, иісі - 0 балл.

Шыңғырлау өзені:

– тұстама Григорьевка ауылы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 641,2мг/л. Хлоридтер концентрациясы фондық класстан аспайды.

Шыңғырлау өзені бойынша су температурасы 0,1-23,9°C, сутегі көрсеткіші 7,26-7,56, суда еріген оттегінің концентрациясы 6,45-15,32 мг/дм³, ОБТ₅ 2,42-4,08 мг/дм³ құрады, түсі 5-13 градус, иісі - 0 балл.

Сарыөзен өзені:

– тұстама Бостандық ауылы: су сапасы 4-класқа жатады: магний – 30,2 мг/дм³, қалқыма заттар – 24,0 мг/дм³. Магний нақты концентрациясы фондық класстан аспайды, қалқыма заттар концентрциясы фондық кластан асады.

Сарыөзен өзені бойынша су температурасы 0,4-19,2°C, сутегі көрсеткіші 7,44-7,74, суда еріген оттегінің концентрациясы 5,7-14,63 мг/дм³, ОБТ₅ 2,37-4,06 мг/дм³, түсі 4-12 градус; иісі - 0 балл.

Қараөзен өзені:

– тұстама Жалпақтал ауылы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер 916,38 мг/л. Хлоридтер нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Қараөзен өзені бойынша су температурасы 0,5-19,0°C, сутегі көрсеткіші 7,26-7,76, суда еріген оттегінің концентрациясы 6,5-18,69 мг/дм³, ОБТ₅ 2,36-4,07 мг/дм³ шегінде, түсі 4-13 градус, иісі - 0 балл.

Көшім су арнасы:

– тұстама Көшім ауылы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 22,25 мг/л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Көшім су арнасы бойынша су температурасы 0,4-23,5°C, сутегі көрсеткіші 7,48-7,72, суда еріген оттегінің концентрациясы 5,7-13 мг/дм³, ОБТ₅ 1,63-3,26 мг/дм³ құрады, түсі 4-11 градус, иісі - 0 балл.

Шалқар көлі:

– тұстама Рыбзавод ауылы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 161,61 мг/л, хлоридтер - 3617,6 мг/л. Магнийдің нақты концентрациясы фондық класстан аспайды, хлоридтер нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Шалқар көлі бойынша су температурасы 0,1-25,0°C, сутегі көрсеткіші 7,24-7,75, суда еріген оттегінің концентрациясы 5,69-13 мг/дм³, ОБТ₅ 2,42-4,07 мг/дм³ құрады, түсі 3-12 градус, иісі - 0 балл.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2019 жылы Батыс Қазақстан облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы келесідей бағаланады: 3-класс – Деркөл өзені, 4 класс- Шаған, Сарыөзен, Жайық өзендері, Көшім су арнасы; нормаланбайды (>5 класс) – Елек, Шыңғырлау, Қараөзен өзендері, Шалқар көлі

7.9 Батыс Қазақстан облысы бойынша 2019 жылға топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Көктем мезгілінде Орал қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамаларында мырыштың – 0,81-6,38 мг/кг, мыстың – 0,06-0,81 мг/кг,

кадмийдің – 0,05-0,15 мг/кг, қорғасынның – 0,0-0,13 мг/кг, хромның – 0,01-0,03 мг/кг құрамы шамасында болды.

«Киров» паркі, «Зенит» СЗЗ зауыты, №11 мектеп аумағында, «Зенит» зауыты шекарасында, Әйтиев-Евразия автомагистралі ауданында барлық анықталатын ауыр металдар концентрациясы рұқсат етілген нормадан асуы байқалмады.

Күз мезгілінде Орал қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамаларында мырыштың – 1,8-2,7 мг/кг, мыстың – 0,2-0,5 мг/кг, кадмийдің – 0,04-0,1 мг/кг, қорғасынның – 0,01-0,1 мг/кг, хромның – 0,01-0,04 мг/кг құрамы шамасында болды.

«Киров» паркі, «Зенит» СЗЗ зауыты, №11 мектеп аумағында, «Зенит» зауыты шекарасында, Әйтиев-Евразия автомагистралі ауданында барлық анықталатын ауыр металдар концентрациясы рұқсат етілген нормадан асуы байқалмады.

7.10 Батыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық стансада (Орал, Тайпақ) және Орал қаласының (№2, №3 ЛББ) және Ақсай (№4 ЛББ) Завтоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (7.7 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,04-0,25 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

7.11 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (7.7-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7 – 3,5 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



7.7 сур. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

8 Қарағанды облысының қоршаған ортажай-күйі


8.1 Қарағанды қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (8.1-сур., 8.1-кесте).

8.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	аэрологиялық станса («Городской» әуежай ауданы)	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, фенол, формальдегид
3	тәулігіне 3 рет		Ленин көшесі мен Бұқар-Жырау даңғылы 1 бұрышы	
4			Бирюзов көшесі, 15 (жаңа Майқұдық)	
7			Ермеков көшесі, 116	
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұқанов көшесі, 57/3	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
6			қалалық әкімдік (ескі әуежай ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі,
8			аурухана ауданы (Пришахтинск шағын ауданы)	



8.1 сур. Қарағанды қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2019 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.1-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды. АЛИ =8 (жоғары деңгей) құрады СИ=19,8(> 10 өте жоғарғы деңгей) (көтеріңкі деңгей) күкіртсутегі бойынша №6 бекет аумағында (*Архитектурная көшесі 15/1*) анықталды.

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

Орташа айлық шоғырлары: РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 1,6 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,0 ШЖШ_{о.т.}, озон – 1,3 ШЖШ_{о.т.}, фенол – 1,7 ШЖШ_{о.т.}, формальдегид – 1,3 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 19,8 ШЖШ_{м.б.}, РМ 10 қалқыма бөлшектері – 10,6 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 3,8 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, озон – 1,9 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 8,6 ШЖШ_{м.б.} фенол – 1,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) мен экстремалды жоғары ластануының (ЭЖЛ) жағдайлары кездескен жоқ.

8.2 Қарағанды қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Қарағанды қаласында ауаның ластануын бақылау 1 бекетте жүргізілді (№1 бекет – Пришахтинск ауданы).

Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсутегі, фенол, С₁-С₁₀ көмірсутектерінің, аммиак, формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылаулар нәтижесі бойынша күкіртсутегі және фенолдың максималды бір реттік айлық шоғырлары 1,0ШЖШ_{м.б} құрады. Басқа ластаушы заттардың максималды бір реттік айлық шоғырлары рұқсат етілген норма шегінен аспады (8.2-кесте).

8.2-кесте

Қарағанды қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспа	q _m мг/м ³	q _m / ШЖШ _{м.б}
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,090	0,18
Күкірт диоксиді	0,054	0,11
Көміртегі оксиді	4,200	0,84
Азот диоксиді	0,034	0,17
Азот оксиді	0,072	0,18
Күкіртсутегі	0,008	1,00
Фенол	0,010	1,00
С ₁ -С ₁₀ көмірсутектері	62,200	
Аммиак	0,097	0,49
Формальдегид	0,000	0,00

8.3 Шахтинск қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Шахтинск қаласында ауаның ластануын бақылау 2 бекетте жүргізілді (№1 нүкте – ЖЭО – нан 3км су айдауыш станциясына қарай (Шахтинск ЖЭО әсері) №2 нүкте солтүстік өнеркәсіптік аймақ (Стандартты емес жабжық және шағын механикаландыру зауытының, Қазақстан, Шахтинск, Ленин атындағы шахталарының әсері).

Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсутегі, фенол, С₁-С₁₀ көмірсутектерінің, аммиак, формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

№1 нүктеде максималды бір реттік айлық шоғырлары: фенол –1,5 ШЖШ_{м.б}, күкіртсутегі –1,3 ШЖШ_{м.б}, көміртегі оксиді –1,2 ШЖШ_{м.б}, аммиак –1,2 ШЖШ_{м.б}.; №2 нүктеде максималды бір реттік айлық шоғырлары: көміртегі оксиді –1,6 ШЖШ_{м.б}, күкіртсутегі –1,3 ШЖШ_{м.б}, аммиак –1,0 ШЖШ_{м.б}, фенол –

1,0 ШЖШ_{м.б.} құрады. Басқа ластаушы заттардың шоғырлары рұқсат етілген норма шегінен аспады (8.3-кесте).

8.3-кесте

**Шахтинск қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максимальды шоғыры**

Анықталатын қоспа	Сынама нүктелері			
	№1		№2	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ _{м.р}	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ _{м.р}
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,100	0,20	0,100	0,20
Күкірт диоксиді	0,074	0,15	0,075	0,15
Көміртегі оксиді	6,200	1,24	8,100	1,62
Азот диоксиді	0,042	0,21	0,086	0,43
Азот оксиді	0,092	0,23	0,084	0,21
Күкіртсутегі	0,010	1,25	0,010	1,25
Фенол	0,015	1,50	0,010	1,00
C ₁ -C ₁₀ көмірсутектері	61,100		61,000	
Аммиак	0,240	1,20	0,200	1,00
Формальдегид	0,000	0,00	0,000	0,00

**8.4 Топар кентінің эпизодтық бақылаулар
мәліметі бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі**

Топар кентінде ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде жүргізілді (*№1 нүкте - Мира мен Сарыарқа көшесінің қиылысында*).

Өлшенген бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсутегі, бензол, C₁-C₁₀ көмірсутектері, аммиак, хлорлы сутегі, озон (жербеті) шоғыры өлшенеді.

Максимальды бір реттік айлық шоғырлары: көміртегі оксиді – 3,1 ШЖШ_{м.б.}, бензол – 2,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 1,5 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (8.4-кесте).

8.4-кесте

**Топар кентінің бақылау мәліметі бойынша ластаушы заттардың
максимальды шоғыры**

Анықталатын қоспа	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ _{м.б}
Өлшенген бөлшектер (шаң)	0,120	0,24
Күкірт диоксиді	0,281	0,56
Көміртегі оксиді	15,300	3,10
Азот диоксиді	0,081	0,41
Азот оксиді	0,187	0,47
Күкірт-сутегі	0,012	1,50
Бензол	0,674	2,25
C ₁ -C ₁₀ көмірсутектері	99,100	
Аммиак	0,149	0,75
Озон (жербеті)	0,038	0,24

Хлорлы сутегі	0,009	0,05
---------------	-------	------

8.5 Балқаш қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.2-сур., 8.4-кесте).

8.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сәбитов ш-а (№ 6 ОМ маңы)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді. №1,3 ЛББ кадмий, мыс, күшала, қорғасын, мырыш
3			Ленин мен Әлімжанов көшелерінің бұрышы	
4			Киров көшесі(аурухана қалашығы)	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Ленин көшесі, 10 үйден оңтүстікке қарай	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкіртті сутегі, көмірсутегісінің сомасы, аммиак, метан



Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау жүйесінен алынған ақпарат бойынша (8.6-сурет), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды АЛИ=7 тең (жоғарғы деңгей), СИ = 8,4 (жоғарғы деңгей) оның шамасы №2 бақылау орнының (Ленина көшесінде №10 үйдің төменірек) ауданында күкіртті сутегі бойынша анықталды.

* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

Қалқыма бөлшектер РМ - 2,5 - 1,4 ШЖШ_{от}, бөлшектер (шаң) - 1,2 ШЖШ_{от}, озон (жер беті) -1,7 ШЖШ_{от}, қорғасын – 1,5 ШЖШ_{от}. қалған ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлар ШЖШ_{от}-дан асқан жоқ.

Күкірт диоксидінің максималды бір реттік шоғырларынан асуы – 4,4 ШЖШ_{м.б} құрады, күкіртсутегі бойынша – 8,4 ШЖШ_{м.б} , қалқыма бөлшектер (шаң)-4,0 ШЖШ_{м.б} қалқыма бөлшектер (шаң) РМ-2,5 бойынша – 6,5 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектер (шаң) РМ-10 бойынша – 3,7 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 5,4 ШЖШ_{м. б.}, озон (жер беті)– 1,8 ШЖШ_{м. б.}, қалған ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан асқан жоқ.

8.6 Балқаш қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Балқаш қаласында атмосфералық ауа ластануың бақылау 3 нүктеде (№1 нүкте –17 орамы, "Фудмарт" дүкенінің ауданы; №2 нүкте – Рабочий кенті, Жезқазған көш., «Ұшақ» ескерткішінің ауданы; №3 нүкте –«Балқаш-1» станциясы) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектердің (шаң), аммиактың, бензолдың, күкірт диоксиді, азот диоксидінің, азот оксидінің, көміртегі оксидінің, көміртегі диоксидінің, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының, озонның, хлор сутегінің шоғырлары өлшенді.

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (8.7-кесте).

8.7-кесте

Балқаш қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1		№2		№3	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Аммиак	0,020	0,100	0,020	0,100	0,020	0,100
Бензол	0,04	0,13	0,04	0,13	0,04	0,13
Қалқыма бөлшектері	0,050	0,100	0,050	0,100	0,050	0,100
Күкірт диоксиді	0,0070	0,0140	0,0070	0,0140	0,0086	0,0172
Азот диоксиді	0,003	0,015	0,004	0,020	0,003	0,015
Азот оксиді	0,004	0,010	0,003	0,008	0,003	0,008
Көміртегі оксиді	2,81	0,56	2,90	0,58	2,81	0,56

Көміртегі диоксиді	832,0		714,0		719,0	
Күкіртті сутегі	0,0010	0,1250	0,0002	0,0250	0,0005	0,0625
Көмір сутегі сомасы	17,6		17,2		17,2	
Озон (жербеті)	0,005	0,031	0,005	0,031	0,005	0,031
Хлорлы сутегі	0,040	0,20	0,040	0,20	0,030	0,15


8.7 Жезқазған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (8.3-сур., 8.5-кесте).

8.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сарыарқа көшесі, тоқыма фабрикасының ауданы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
3			Жастар көшесі, 6 (Металлургтар алаңы)	
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М.Жамиля көшесі, 4а/1	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак



8.3 сур. Жезқазған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.8 сур.) қаланың атмосфералық ауасының ластану деңгейі жоғары болып бағаланды, АЛИ=8 тең, СИ = 7,8 (жоғары деңгей) күкірттісутегімен № 1-бекеттің аумағында (М. Жәлиль көшесі, 4а/1) және ЕЖҚ = 37 % (жоғары деңгей) қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша № 3 – бекеттің аумағында (Желтоқсан көшесі, 6, *Металлургтар алаңы*) анықталды.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) орташа айлық шоғырлары – 1,7 ШЖШ_{о.т.}, озонның (жербеті) – 1,4 ШЖШ_{о.т.}, фенолдың – 2,2 ШЖШ_{о.т.}, құрады, басқа лаस्ताушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары – 4,0 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,3 ШЖШ_{м.б.}, озонның (жербеті) – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, күкірттісутегі – 7,8 ШЖШ_{м.б.}, фенолдың – 3,5 ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа лаस्ताушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


8.8 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.6-кесте).

8.6- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, күкіртті сутек



8.4-сур. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2019 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.5-сур.) Қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі *төменгі* болып бағаланды. АЛИ=2 (көтеріңкі деңгей) құрады. СИ=2,5 (көтеріңкі деңгей) №1 бекет аумағында (*Саран көшесі, 28а*) күкіртсутегі бойынша анықталды және ЕЖҚ=0% (төменгі деңгей) анықталды.

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

Орташа айлық ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: күкіртсутегі– 2,5 ШЖШ_{м.б.}, РМ 2,5 қалқыма бөлшектері– 1,5 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

8.9 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5-сур., 8.7-кесте).

8.7- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Дмитров көшесі, 212 және Степан Рамзин көшесі	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, күкіртті сутегі,
4			6- шағын аудан Амангелді/	

			Теміртау көшелері	
5			3 «а» шағын ауданы (құтқару стансасының ауданы)	фенол, аммиак
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Фурманов көшесі, 5	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, күкіртті сутегі, аммиак, формальдегид, көмірсутегісінің сомасы, метан



8.5-сурет. Теміртау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2019 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.9 сур.) атмосфералық ауаның ластану деңгейі жоғары болып бағаланды. АЛИ= 9 (жоғары деңгей) құрады. СИ = 16,8 (> 10 өте жоғарғы деңгей) қалқыма бөлшектер (шаң) PM-2,5 №2 (Ленина көшесінде №10 үйдің төменірек), мәнмен анықталды.

*2019 жылғы 11 қаңтарда №2 автоматты бақылау бекетінің (Фурманов көшесі, 5) мәліметі бойынша күкірт диоксидінің (10,0 ШЖШ_{м.б}) 1 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) тіркелген

11 ақпанда, 1,2 және 12 наурызда №2 автоматты бақылау бекетінің (Фурманов көшесі, 5) мәліметі бойынша азот диоксидінің (10,04 – 11,1 ШЖШ_{м.б}) 53 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) тіркелген.

2019 жылғы 9,11 мамырда және 21 маусымда №2 автоматты бақылау бекетінің (Фурманов көшесі, 5) мәліметі бойынша күкіртсутегінің (10,1-11,8 ШЖШ_{м.б.}) 3 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) тіркелген.

*2019 жылғы 10,11 және 12 шілдеде №2 автоматты бақылау бекетінің (Фурманов көшесі, 5) мәліметі бойынша күкіртсутегінің (10,8–13,8 ШЖШ_{м.б.}) 3 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) тіркелген.

2019 жылғы 10 қыркүйекте №2 автоматты бақылау бекетінің (Фурманов көшесі, 5) мәліметі бойынша РМ 2,5 қалқыма бөлшектерінің (16,8 ШЖШ_{м.б.}) 1 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) тіркелген (2-кесте).

*БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

Орташа айлық шоғырлары: қалқыма бөлшектердің (шаң) – 1,9 ШЖШ_{о.т.}, РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 1,3 ШЖШ_{о.т.}, фенол – 2,8 ШЖШ_{о.т.} күкірт диоксиді – 1,2 ШЖШ_{о.т.} азот диоксиді – 1,2 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа лақтаушы заттар – ШЖШ_{о.т.}-дан аспады.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: қалқыма бөлшектердің (шаң) – 2,8 ШЖШ_{м.б.}, РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 16,8 ШЖШ_{м.б.}, РМ 10 қалқыма бөлшектері – 9,0 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 10,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртек оксиді – 2,4 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 11,1 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 5,3 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 3,5 ШЖШ_{м.б.} аммиак – 2,0 ШЖШ_{м.б.} күкірттісутек – 13,8 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа лақтаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

8.10 Қарағанды облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 4 метеостанцияларда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Қарағанды ауыл-шаруашылық сынақ станциясы (АШСС) алынған жаңбыр суына сынама алумен (8.10 сур.) жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары кадмийді қоспағанда, шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Кадмий шоғыры Қарағанды АШСС – 1,93 ШЖШ, Жезқазған МС – 3,49 ШЖШ құрады, шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) асты

Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 35,17%, гидрокарбонаттар 25,07%, кальций иондары 15,97%, хлоридтер 8,67 %, натрий иондары 5,88 %, магний иондары 3,04 % және калий иондары 3,04 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Жезқазған МС – 88,33 мг/л, ең азы Балқаш МС – 26,50 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі Қарағанды облысының аумағында 46,7 мкСм/см-ден (Балқаш МС) 154,9 мкСм/см (Жезқазған МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы әлсіз-қышқыл және бейтарап орта сипатта болып, 6,41 (Қарағанды МС) – 6,88 (Жезқазған МС) аралығында болды.

8.11 Қарағанды облысы бойынша 2019 ж. арналған қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды) (8.10-сурет) жүргізілді.


Қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан (ШЖШ) аспады.

Қар жамылғысы сынамаларында сульфаттар 26,1 %, гидрокарбонаттар 23,7 %, хлоридтер 14,0 % , кальций иондары 13,6 %, натрий 8,3 %, басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Балқаш МС – 23,58 мг/л, ең азы Жезқазған МС – 14,86 мг/л белгіленді.

Қарағанды облысы аумағында қар жамылғысының үлесті электр өткізгіштігі 25,5 мкСм/см-ден (Жезқазған МС) 38,9 мкСм/см (Балқаш МС) дейінгі шекте болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық әлсіз қышқыл сипатта болып, 5,3 (Жезқазған МС) – 5,9 (Балқаш МС) аралығында болды.



8.6 сур. Қарағанды облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

8.12 Қарағанды облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Қарағанды облысындағы жерүсті суларының ластануын бақылау 15 су нысанында жүргізілді: Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Қара Кеңгір өзендері, Көкпекті, Сарысу; Самарқан, Кеңгір су қоймалары, Қ.Сәтпаев атындағы арна,

Балқаш көлі, Қорғалжын қорығының көлдері: Шолақ, Есей, Сұлтанкелді, Қоқай, Теңіз.

Нұра өзені Керегетас тауларынан бастау алып, үлкен Теңгіз көлімен қосылып жатқан Қорғалжын көлдері жүйесіне құяды. Өзен бастауын Қарағанды облысы аумағынан алып, Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенінде Самарқан суқоймасы орналасқан. Шерубайнұра өзені – Нұра өзенінің оң жақ жағалауындағы саласы. Кеңгір суқоймасы Қара Кеңгір өзенінде орналасқан, бұл өзен – Сарысу өзенінің оң жақ саласы болып табылады.

Нұра өзені:

- тұстама Нұра өз., Ынтымақ а., ауылдан 6 км төмен, автожол көпірдің ауданында: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 46,9 мг/дм³.

- тұстама: Нұра өз., Шешенқара а., ауылдан 3 км төмен, автожол көпірдің ауданында: Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 42,6 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Нұра өз., Ботақара а., ауылдан 2 км төмен, автожол көпірдің ауданында: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 44,9 мг/дм³.

- тұстама: «Балықты т.ж. станциясы». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 34,3 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: Теміртау қ. 0,1 км төмен, "Арселор Миттал Теміртау" АҚ және "ТЭМК" АҚ ағынды сулар арығынан 1 км жоғары: Су сапасы 3 класқа жатады: магний – 28,9 мг/дм³, темір – 0,17 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады, темір (3+) концентрациясы аспайды.

- тұстама: «Теміртау қ. 2,1 км төмен, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 1 км төмен». Су сапасы 3 класқа жатады: магний – 25,4 мг/дм³, темір – 0,16 мг/дм³. Магнийдің мен темір (3+) концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Садовое бөлімшесі, ауылдан 1 км төмен. Су сапасы 3 класқа жатады: магний – 28,5 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: «Теміртау қ. 6,8 км төмен, «Арселор Миттал» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 5,7 км төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 30,3 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: ЖанаТалап а., ауыл маңындағы авто-жол көпірі. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 31,2 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Нұра өз, Ынтымақ су қоймасының Жоғарғы ағыны, Ақтөбе а. төмен өзен арнасы бойынша 4,8 км. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 33,5 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Ынтымақ су қоймасының Төменгі ағыны, плотинадан 100 м төмен; Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 33,8 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан асады

- тұстама: Ақмешіт а., ауылдың шегінде; Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 33,7 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. Магний мен фенолдың концентрациясы фондық кластан асады.

Нұра өз., Нұра к., ауылдан 2,0 км төмен. Су сапасы 4 класқа жатады. магний – 33,9мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан асады.

Нұра өз., Рахымжан Қошқарбаев а., ауылдан 5,0 км төмен. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 30,2 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. Фенолдар мен магнийдің концентрациясы фондық кластан аспайды.

Кендібай су құбыры ,6км Сабынды а. оңтүстік бойынша. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 34,7 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. Фенолдар мен магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

Нұра өз., Қорғалжын а., ауылдан 0,2 км төмен. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 33,5 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 0,1 – 27,2 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 6,62-8,75, судағы еріген оттегі концентрациясы – 4,27 – 12,95 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,85- 3,85 мг/дм³, түстілігі - 13,0-154 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады: магний – 32,5мг/дм³.

Самарқан су қоймасы:

-тұстама Теміртау қ., плотинадан 7 км жоғары, проран; Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) – 0,13мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық кластан аспайды.

-тұстама, Теміртау қ. шегінде, су қоймасының оңтүстік жағалауынан жарма бойынша (ұзындығы) 0,5 км. Су сапасы 3 класқа жатады: магний – 28,9 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

Самарканд су қоймасы- бойынша су температурасы 0,1-24,2°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 6,64-8,41, судағы еріген оттегі концентрациясы – 7,16-12,10мг/дм³, ОБТ₅ – 1,27-2,98 мг/дм³, түстілігі - 11-134 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда.

Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) – 0,13 мг/дм³.

Кеңгір суқоймасы бойынша су температурасы 1,0-22,8°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,48-8,20, судағы еріген оттегі концентрациясы 6,29-12,64 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,44-1,45 мг/дм³, түстілігі 11 – 18 градус; иісі – 0 балл.

Кеңгір суқоймасы, Жезқазған қ., Қара Кеңгір өзенінен 0,1 км А 15. Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) – 0,07 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қара Кеңгір өзені:

- тұстама :«Жезқазған қ., қаланың шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 0,2 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 0,2 км. жоғары» Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 47,6 мг/дм³, сульфаттар – 363 мг/дм³, темір (3+) – 0,08 мг/дм³. Магний мен сульфаттың концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама:«Жезқазған қ. шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 4,7 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 0,5 км. төмен»- Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 16,9 мг/дм³, ОБТ – 13,18 мг/дм³.

жалпы фосфор- 1,72 мг/дм³. Аммоний ионы , ОБТ концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Жезқазған қ. шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 3,0 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 5,5 км. төмен»- Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 11,48 мг/дм³, ОБТ – 6,42 мг/дм³. магний – 133 мг/дм³, кальций - 245 мг/дм³. Аммоний ионы , ОБТ, кальций және магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

Қара Кеңгір өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 0,1–24,2°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 6,89-7,98, судағы еріген оттегі концентрациясы 0,15 – 12,65мг/дм³, ОБТ₅ –0,50-28,8 мг/дм³, түстілігі – 11-455 градус; иісі – 1 балл.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 9,33 мг/дм³, ОБТ – 7,05мг/дм³.

Сарысу өзені:

-тұстама: «Сарысу с/о-нен 0,5 км» - Су сапасы >5 класқа жатады: жалпы темір – 0,33 мг/дм³, кальций – 275 мг/дм³, магний – 190 мг/дм³, минерализация - 4211 мг/дм³, хлоридтер – 1513мг/дм³.

-тұстама: «0,5 км дюкерден жоғары»- Су сапасы >5 класқа жатады: кальций – 260 мг/дм³, магний – 233 мг/дм³, минерализация - 4205 мг/дм³, хлоридтер – 1625 мг/дм³.

- тұстама: «4,0 км. Дюкерден төмен»- Су сапасы >5 класқа жатады: кальций – 266 мг/дм³, магний – 222мг/дм³, минерализация - 4693мг/дм³, хлоридтер – 1673 мг/дм³.

Сарысу өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 9,2 – 24,4°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,79 – 8,18, судағы еріген оттегі концентрациясы 2,44 – 10,50 мг/дм³, ОБТ₅ –0,50 – 2,34 мг/дм³, түстілігі – 27-325 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда.

Су сапасы >5 класқа жатады: кальций – 267 мг/дм³, магний – 215 мг/дм³, минерализация - 4470 мг/дм³, хлоридтер – 1604 мг/дм³.

Соқыр өзені.

-тұстама: «Құрылыс а. Құрылыс ауданының маңындағы автожол көпірі» Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 48,1мг/дм³.

-тұстама: Қаражар а. маңындағы автожол көпірібойынша сағасы, су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ионы–8,22 мг/дм³, хлоридтер – 398,4 мг/дм³. Аммоний ионы мен хлоридтер концентрациясы фондық кластан асады.

Соқыр өз. - су температурасы 0,1-25,2°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,05-8,34, судағы еріген оттегі концентрациясы 6,03-14,09 мг/дм³, ОБТ₅ –1,55-3,85 мг/дм³, түстілігі – 31-145градус; иісі – 0 балл. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ионы–6,41 мг/дм³, хлоридтер – 358 мг/дм³.

Шерубайнұра өзені

-тұстама: «Шопа ауылы, Шопа шегінде» Су сапасы: 4 класқа жатады: магний –34,4 мг/дм³.

- тұстама: «Қара-Мұрын а. Қарағанды-Жезқазған трассасындағы автожол көпірі» Су сапасы: 4 класқа жатады: магний – 38,0мг/дм³.

«Асыл а. 2,0 км төмен сағасындағы» тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 7,45 мг/дм³, хлоридтер – 375 мг/дм³. Хлоридтер мен аммоний ион концентрациясы фондық кластан асады.

Шерубайнұра өз. - бойынша су температурасы 0,1-23,2°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,55-8,30 судағы еріген оттегі концентрациясы 6,18-14,77 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,13-3,53 мг/дм³, түстілігі – 9-153 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ионы – 4,84 мг/дм³.

Көкпекті өзені - су температурасы 5,1-21,8°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,02-8,44 , судағы еріген оттегі концентрациясы 7,69-13,82 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,55-2,99 мг/дм³, түстілігі – 28-95 градус; иісі – 0 балл.

«Жұмыс кентінен 0,5 км төмен» тұстама: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 41,0 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қ.Сәтпаев атындағы арна:

«№17 сорғы стансасы» тұстамасы. су сапасы нормаланбайды (>5 класс): темір (3+) – 0,12 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық кластан аспайды.

«156 көпір (Петровка а. көпір)» тұстамасы. су сапасы 4 класқа жатады: қалқымалы заттар – 12,1 мг/дм³, темір (3+)-0,17 мг/дм³. Қалқымалы заттардың концентрациясы фондық кластан асады, темір (3+) концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қ.Сәтпаев ат.арна ұзындығы бойынша - су температурасы 0,1- 27,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,62- 8,09, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,95-12,88 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,73-3,36 мг/дм³, түстілігі – 33,0-101 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы 4 класқа жатады: қалқымалы заттар – 13,0 мг/дм³, темір (3+)-0,14 мг/дм³.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) **Шолақ көлінің** су температурасы 14,8-25,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,61-8,20 судағы еріген оттегі концентрациясы 7,60-11,55мг/дм³, ОБТ₅ – 1,26-2,84 мг/дм³, түстілігі – 28-71 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 38,1 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) **Есей көлінің** су температурасы 14,0-25,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,93 - 8,24 , судағы еріген оттегі концентрациясы 7,85-11,85мг/дм³, ОБТ₅ – 1,15-2,96 мг/дм³, түстілігі – 30-92 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 66,4 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) **Сұлтанкелді көлінің** су температурасы 13,8-22,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,83-8,40 , судағы еріген оттегі концентрациясы 5,77-11,55мг/дм³, ОБТ₅ – 1,32-2,95 мг/дм³, түстілігі – 23-54 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 65,1 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) **Қоқай көлінің** су температурасы 13,8-22,9 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,09-8,27 , судағы еріген оттегі концентрациясы 7,74-10,97 мг/дм³, ОБТ₅ 0,66–2,83 мг/дм³,

түстілігі – 22-65 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 48,0 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) **Теңіз көлінің** су температурасы 13,0-22,4 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,91-8,40, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,16-12,05 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,16-2,81 мг/дм³, түстілігі – 30-47 градус; иісі – 0 балл.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 214 мг/дм³, магний – 1060 мг/дм³, минерализация – 14834 мг/дм³, сульфаттар- 4473 мг/дм³, хлоридтер – 6617 мг/дм³.

Балқаш көлі:

- тұстама: Зеленый аралынан 6,5 км А210 тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 106,37 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама ЖЭО су түсіру аймағы 1,2 км А107 тұстамасындағы беті: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 102,74 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама ЖЭО су түсіру аймағы 1,2 км А107 тұстамасындағы түбі: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 105,70 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: тұстама ЖЭО су түсіру аймағы 3,1 км А107 тұстамасындағы беті: : су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 113,21 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: тұстама ЖЭО су түсіру аймағы 3,1 км А107 тұстамасындағы түбі: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 108,34 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: ОГП солтүстік жағажайдан 8,0 км А175 тұстамасындағы беті: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний– 106,87 мг/дм³, минерализация – 2027 мг/дм³. Минерализация концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: ОГП солтүстік жағажайдан 8,0 км А175 тұстамасындағы түбі: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний– 106,32 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: ОГП солтүстік жағажайдан 20,0 км А175 тұстамасындағы беті: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний– 111,92 мг/дм³, минерализация – 2092 мг/дм³. Магний мен минерализация концентрациялары фондық кластан асады.

- тұстама: ОГП солтүстік жағажайдан 20,0 км А175 тұстамасындағы түбі: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 124,11 мг/дм³, минерализация – 2032 мг/дм³. Магний мен минерализация концентрациялары фондық кластан асады.

- тұстама: ОГП солтүстік жағажайдан 38,5 км А175 тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 112,56 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: Балқаш Балық 1,0 км А128 тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 101,76 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: Балқаш Балық 2,3 км А128 тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 102,29 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: Хвосты БЦМ 0,7 км А130 тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 107,73 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: Хвосты БЦМ 2,5 км А130 тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 100,52 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: Қаратал 5,5 км А353 тұстамасындағы беті: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 104,37 мг/дм³, минерализация – 2088 мг/дм³. Магний мен минерализация концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: Қаратал 5,5 км А353 тұстамасындағы түбі: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 109,11 мг/дм³, минерализация – 2018 мг/дм³. Магний мен минерализация концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: Қоржын 25,0 км А55 тұстамасындағы беті: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 185,6 мг/дм³, минерализация – 2915 мг/дм³, хлоридтер – 605 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Қоржын 25,0 км А55 тұстамасындағы түбі: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 181,49 мг/дм³, минерализация – 2864 мг/дм³, хлоридтер – 611 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Сары-Есік түбегі 1,7 км А314 тұстамасындағы беті: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 140,7 мг/дм³, минерализация – 2528 мг/дм³, хлоридтер – 450 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Сары-Есік түбегі 1,7 км А314 тұстамасындағы түбі: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 146,5 мг/дм³, минерализация – 2468 мг/дм³, хлоридтер – 456 мг/дм³. Магний мен хлоридтер концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Іле өзені 22,0 км А253 тұстамасында: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 60,84 мг/дм³, минерализация – 1385 мг/дм³, сульфаттар – 580 мг/дм³. Минерализация концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Қосағаш мүйісі 5,0 км А131 тұстамасындағы беті: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 84,15 мг/дм³, минерализация – 1557 мг/дм³, қалқымалы заттар – 33 мг/дм³, сульфаттар – 555 мг/дм³. Сульфаттар концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Қосағаш мүйісі 5,0 км А131 тұстамасындағы түбі: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 83,83 мг/дм³, минерализация – 1576 мг/дм³, сульфаттар – 575 мг/дм³. Минерализация мен сульфаттар концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Қосағаш мүйісі 15,5 км А131 тұстамасында беті: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 92,05 мг/дм³, минерализация – 1655 мг/дм³, қалқымалы

заттар – 35 мг/дм³, сульфаттар -576мг/дм³. минерализация мен сульфаттар концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Қосағаш мүйісі 15,5 км А131 тұстамасындағы түбі: су сапасы 5 класқа жатады: минерализация – 1723мг/дм³, сульфаттар -615 мг/дм³. Минерализация мен сульфаттар концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Қосағаш мүйісі 28,5 км А131 тұстамасында: : су сапасы 5 класқа жатады: магний – 104,5 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан асады.

Балқаш көлінің су температурасы 4,8-25,4 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,47, судағы еріген оттегі концентрациясы 7,66 мг/дм³, ОБТ₅ –0,81 мг/дм³, түстілігі – 5-60 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 112мг/дм³.

Қарағанды облысының аумағындағы 2019 жылғы су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша былайша бағаланады: нормаланбайды (> 3 класс): Самарқан, Кеңгір су қоймалары; 4 класс –Нұра, Көкпекті өзендері, Қ. Сатпаев атындаға арна, Шолақ, Есей, Сұлтанкелді, Қоқай көлдері (Қорғалжын қорығы); нормаланбайды (>5 класс): Соқыр, Шерубайнұра, Сарысу, Қара Кеңгір өзендері, Теңіз көлі (Қорғалжын қорығы), Балқаш көлі (4-кесте).

8.13 Қарағанды облысының гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша жер үсті су сапасы

Нұра өзені

Фитопланктон жақсы дамыды. Су сынамасында балдырлардың барлық топтары кездесті. Диатомды және жасыл балдырлар басым болып, жалпы фитопланктон биомассаның 93% құрады. Көк-жасыл балдырлар мен басқа балдыр түрлері 7% құрады. Су сынамасындағы түрлер саны 9-24 аралығында болып, орташа саны 20 көрсетті. Альгофлораның жалпы саны 0,57 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,063 мг/дм³ тең болды.

Сапроб индексі 1,83 – 1,97 аралығында болып, жалпы өзен бойынша орташа сапроб индексі 1,88 көрсетті. Яғни үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Есептегі айда зоопланктон әртүрлілігімен ерекшеленбеді. Су сынамасы 3-4 түрден құралды. Су сынамасында ескекәяқты және талшықмұртты шаяндар бірдей пайыздық мөлшерде болып, жалпы зоопланктон санының 42% құрады. Домалақ құрттар 16% зоопланктон санын құрады. Жалпы орташа саны 1,76 мың дана/м³, өткен жылы 1,99 мың дана/м³ болатын. Ал биомассасы 16,52 мг/м³, өткен жылы 20,02 мг/м³ құраған болатын. Сапроб индексі 1,67 – 1,92 аралығында болып, өзен бойынша орташа сан 1,81. Зоопланктон жағдайына байланысты, су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

2019 жылдың перифитоны Нұра өзеінінде орташа дамыды. Барлық вегетациялық кезеңде диатомды, жасыл, көк-жасыл, эвгленалы, сонымен қатар талшықтылар мен кірпікшелі инфузориялар басым кездесті. α-β аймақты қамтитын организмдер, сонымен бірге, олиго- және полисапробты организмдер

басымдылық танытты. Сапроб индексі 1,85-2,03 аралығында болды. 2018 жылмен салыстырғанда, сапроб индекстерінің жоғарылағанын көруге болады. Яғни су сапасының класс ішінде шамалы төмендегенін көруге болады (1-кесте)

9-кесте

Нұра өзенінің тұстамаларында сапроб индекстерінің өзгерістері 2018-2019жж

Тұстама аталуы	Сапроб индексі	
	2018 ж.	2019 ж.
Нұра өзені, Шешенқара ауылы	1,77	1,86
Нұра өзені, Балықты т/ж бекеті	1,73	1,86
Нұра өзені, Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен	1,91	2,03
Нұра өзені, Садовое бөлімшесі	1,90	1,98
Нұра өзені, Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен	1,91	2,00
Нұра өзені, Жана-Талап ауылы	1,92	2,00
Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының жоғарғы бьефі	1,81	1,85
Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының төменгі бьефі	1,85	1,87
Нұра өзені, Ақмешіт ауылы	1,87	1,90
Нұра өзені, Нұра ауылы	1,89	1,91
Нұра өзені, Сабынды ауылы	1,85	1,90
Нұра өзені, Қорғалжын ауылы	1,84	1,88
Орташа сапроб индексі	1,85	1,92

Орташа сапроб индексі 1,92 құрады. Су сапасы үшінші класқа сәйкес, орташа ластанған .

Бентостың таксономиялық құрамы жақсы дамыды. Вегетациялық кезеңде бауыраяқтылар мен қосжақтаулы ұлулардың, жәндіктер, сүліктер мен шаянтәрізділердің класс өкілдері басымдылық танытты. Сонымен қатар су сынамасында гидра, нематодтар, олигохета мен сұламалар кездесті. (2-кесте). Биотикалық индекс өткен жылғы сияқты 5-ке тең.

10-кесте

Нұра өзенінің тұстамалары бойынша бентостың маусымдық қатынастарына сипаттама

Тұстама аталуы	көктем	жаз	күз
Нұра өзені, Балықты т/ж бекеті	-	Gastropoda Bivalvia	Gastropoda Bivalvia
Нұра өзені, Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен	Bivalvia Oligochaeta	Bivalvia Nematoda Oligochaeta Planaria	Ephemeroptera Gastropoda Hirudinea Oligochaeta Planaria
Нұра өзені, Садовое бөлімшесі	Crustacea Trichoptera	Bivalvia Gastropoda Hirudinea Nematoda Oligochaeta	Bivalvia Gastropoda Hemiptera

Тұстама аталуы	көктем	жаз	күз
Нұра өзені, Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК»АҚ бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен	Bivalvia Diptera	Bivalvia Diptera Crustacea Hydrozoa Insecta Nematoda Oligochaeta Trichoptera	Bivalvia Diptera Oligochaeta
Нұра өзені, Жана-Талап ауылы	Gastropoda Hydrozoa Oligochaeta Planaria	Bivalvia Gastropoda Coleoptera Crustacea Ephemeroptera Hemiptera Hydrozoa Nematoda Oligochaeta Trichoptera	Coleoptera Crustacea Diptera Ephemeroptera Hemiptera Hirudinea
Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының жоғарғы бьефі	-	Gastropoda Hirudinea Oligochaeta Trichoptera	Crustacea Gastropoda Hirudinea
Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының төменгі бьефі	Gastropoda	Bivalvia Crustacea Diptera Gastropoda Hirudinea Hydrozoa Oligochaeta	Crustacea Bivalvia Gastropoda Hydrozoa Insecta Trichoptera
Нұра өзені, Ақмешіт ауылы	Diptera Trichoptera	Bivalvia Crustacea Hemiptera	Crustacea Bivalvia Gastropoda Ephemeroptera Hirudinea Trichoptera
Нұра өзені, Нұра ауылы	Diptera	Bivalvia Gastropoda Hemiptera	Diptera Hemiptera Crustacea
Нұра өзені, Сабынды ауылы	Hemiptera Insecta Oligochaeta	Crustacea	Hemiptera Diptera Crustacea
Нұра өзені, Қорғалжын ауылы	Coleoptera	Crustacea Gastropoda	Coleoptera Bivalvia Hemiptera

Нұра өзені бойынша тест-көрсеткіш нәтижесі төмендегідей: "Шешенқара ауылы"- 0%, "Балықты т/ж бекеті" - 0%, Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км жоғары..."- 0,25%, Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен..."- 0%, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен..." - 0%, Ынтымақ су қоймасының төменгі

бьефі – 0%, Ақмешіт ауылы – 0%. Алынған мәліметтерге сәйкес Нұра өзенінің суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Шерубайнұра өзені

Фитопланктон бірлестігі жақсы дамыды. Диатомды балдырлар жалпы биомассаның 79%, ал жасыл балдырлар - 18% құрады. Жалпы саны 1,32 мың дана/м³, жалпы биомассасы – 0,073 мг/дм³. Су сынамасындағы түрлер саны – 18. Сапроб индексі 1,98. Су класы - 3, яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон бірлестігі орташа дамыды. Негізгі рөлді ескекаяқтылар (44%) атқарып, домалақ құрттар үлесіне 27%, талшықмұрттылар 29% құрады. Жалпы саны 1,11 мың дана/м³ көретті. Былтырғы есептегі айда 1,54 мың дана/м³ құраған еді. Сапроб индексі 1,93. Су класы - 3, яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон орташа дамыды. Көктем мезгілінде диатомды балдырлардың кездесу жиілігі 7-9 аралығында болып, дамуы қарқынды жүрді. Жаз кезінде диатомды балдырлардан басқа, жасыл және көк-жасыл балдырлардың кездесуі шамалы болды. Күзде перифитон аз кездесті. Тек диатомды және жасыл балдырлардан құралды. Жалпы бақылау кезеңінде сапроб индексі 2,16 – 2,18 аралығында болып, орташа сапроб индексі 2,12 көрсетті. Су класы орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Судың өткір уыттылығын анықтау барысында өзен бойынша өлген дафниялардың бақылауға қатынасы (тест-көрсеткіш) пайызы 0% құрады. Өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Қара Кеңгір өзені

Фитопланктон орташа дамыды. Барлық негізгі топ балдырлары кездесті. Диатомды балдырлар басымдылық танытып, 76% құруға қатысты. Жасыл балдырлар 18%, ал көк-жасыл балдырлар мен өзге балдыр түрлері 3%-дан құралды. Жалпы саны мен биомассасы 0,24 мың кл/см³, 0,024 мг/дм³. Су сынамасындағы түр саны – 10. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,88, яғни, 3 класс орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктонның түрлік құрамы орташа дамыған. Ескекаяқтылар басымдылық танытып, жалпы зоопланктон санының 47% құрады. Талшықмұрттылар үлесіне 29%, ал домалақ құрттар үлесіне 24% тиді. Түрдің орташа саны – 3. Орташа жалпы саны 1,68 мың дана/м³, биомассасы 25,49 мг/м³. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,87, былтырғы жылы 1,80 көрсеткен болатын. Су сапасын үшінші класқа сәйкес көрсетті.

Биотестілеу нәтижесіндегі тест-көрсеткіш төмендегідей: Жезқазған қаласы, Кеңгір су қоймасынан 0,2 км төмен – 0,25%, АО «ПТВС» ағынды сулары шығарылымынан 0,5 км төмен - 0,5%, АО «ПТВС» ағынды сулар шығарылымынан 5,5 км төмен – 0,37%. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Самарқан су қоймасы

Фитопланктон жақсы дамыды. Негізін жасыл балдырлар құрады. Жалпы саны 0,5 мың кл/см³, биомассасы 0,066 мг/дм³. Су сынамасындағы түрлер саны – 19. Сапроб индексі 1,89, яғни, 3 класс, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон сынамасы орташа дамыды. Оның негізін 52% талшықмұртты шаяндар жалпы планктон санын құрады. Ескекаяқты шаяндар - 42% , ал домалақ құрттар үлесіне 6% тиді. Жалпы орташа саны 2,21 мың дана/м³, былтырғы жылы осы кезеңде 1,64 мың дана/м³, ал биомассасы 24,36 мг/м³. Сапроб индексі 1,77 құрап, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон бірлестігін диатомды және жасыл балдырлар құрады. Көктемде диатомды балдырлардан *Fragilaria capucina*, *Navicula gracilis*, *Rhoicosphenia curvata* түрлері жиі кездесті. Жасыл балдырлардың кездесу жиілігі 1, яғни өте сирек. Көк-жасыл балдырлар кездеспеді. Жазда және күзде су сынамасы әртүрлі болды. Негізгі рөлді диатомды, жасыл, көк-жасыл және пиррофитті балдырлар атқарды. Орташа сапроб индексі 1,85 құрады. Су класы үшінші.

Зообентос құрамы барлық бақылау кезеңінде бірқалыпты дамыды. Көктемде су сынамасында жәндік дернәлдері (Diptera) және шаянтәрізділер (Crustacea) кездесті. Жаз-күз мезгілдерінде *Bivalvia*, Crustacea, Hirudinea және Insecta класс өкілдерінің кездесуінен, су сынамасында түр құрамы жақсы дамыды. Зообентосты зерттеудің нәтижесіне сәйкес, Смарқан су қоймасы орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезінде тест-көрсеткіш 0,58% көрсетті. Зерттелген су нысаны *Daphnia magna* уытты әсер етпейді.

Кеңгір су қоймасы

Фитопланктон орташа дамыды. Саны мен биомассасы жағынан жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 47% құрады. Жалпы орташа саны 0,17 мың кл/см³, ал биомасса 0,02 мг/дм³ болды. Түр саны – 10. Сапроб индексі 1,82. Су класы – 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон сынамасы қалыпты дамыды. Ескеаяқты шаяндар 68% жалпы планктон санын құрап, басымдылық көрсетті. Талшық мұртты шаяндар 4%, домалақ құрттар 28% құрады. Орташа саны 0,81 мың дана/м³, биомассасы 5,95 мг/м³. Сапроб индексі 1,73, су класы – үшінші, яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу нәтижесіне сәйкес, суқойма суының тест-нысанға уытты әсер етпейтіні анықталды. Тест-көрсеткіш 0% көрсетті.

Қорғалжын көлдері

Шолақ көлі

Фитопланктон негізін диатомды балдырлар құрап, жалпы биомассаның 49% көрсетті. Жасыл және көк-жасыл балдырлар биомассаның 51% құрады. Басқа балдыр топтары кездеспеді. Альгофлораның жалпы орташа саны 0,46 мың дана/м³, ал биомассасы 0,049 мг/м³, су сынамасындағы түрлер саны – 20. Сапроб индексі 1,83, яғни, 3 класс, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Есептегі айда зоопланктон бірлестігі орташа дамыған. Ескекаяқты шаяндар басым болып, 87% зоопланктонның жалпы санын құрады. Талшық мұртты шаяндар үлесіне 3%, ал домалақ құрттар үлесіне 10% тиесілі болды. Жалпы саны 1,41 мың дана/м³, биомассасы 22,48мг/м³. Бетамезасапробты организмдер басым болды. Сапроб индексі 1,77.

Шолақ көліндегі альгоценоз диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлардан, сонымен қатар кірпікшелі инфузориялардан құралды. Көктемде

су сынамысында орташа алғанда 20 шақты балдыр түрлері кездесті. Басқа вегетациялық кезеңде орташа алғанда 10 түрі кездесті. Сапробиологиялық талдауға сәйкес, β -мезосапробты организмдер басымдылық танытты. Сапроб индексі 2018 жылмен салыстырсақ (1,85), су сапасының сәл төмендегенін көреміз. 1,93 құрап, үшінші класты көрсетті.

Көктемде өрмекшітәрізділер (Arachnida)-Hydrachna geographica басымдылық танытты. Жаз бен күзде зообентос ұлулардан, шаянтәрізділерден және жәндік дернәсілдерінен құралды. Ұлулар ішінен бауыраяқтылар класынан (Gastropoda) Lymnaeidae және Planorbidae тұқымдасы, қосжақтаулылар класынан (Bivalvia): Sphaerium corneum және Sphaerium solidum түрлері кездесті. Шаянтәрізділерден Gammarus pulex (χ - β -0,65), ал жәндік дернәсілдері ішінен –Corixa sp. және Nymphyla nymphaeat кездесті.

Есей көлі

Фитопланктон жақсы дамыды. Диатомды және жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 89% құрады. Көк-жасыл балдырлар 11% құрады. Жалпы саны 0,4 мың дана/м³, ал биомассасы 0,044 мг/м³. Орташа сапроб индексі 1,86, яғни, 3 класс, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыды. Түр құрамы барлық топтардан құралды. Ескекаяқтылар 60% кездесіп, жалпы зоопланктон санын құрады. Талшықмұртты шаяндар - 30%, ал домалақ құрттар - 10% құрады. Жалпы саны 1,00 мың дана/м³, биомассасы 10,38 мг/м³. Бета-мезосапробты организмдер басым болды. Сапроб индексі 1,72. Су сапасы орташа ластанған.

Перифитон бірлестігі орташа дамыған. Диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлар басымдылық танытты. Сонымен қатар, пиррофитті, тамыраяқты және кірпікшелі инфузориялар кездесті. Сапробиологиялық талдауға сәйкес, β -мезосапробты организмдер басымдылық танытты. Сапроб индексі 1,85 құрады. Яғни, су сапасы үшінші класты көрсетті.

Есей көлінің түпкі фаунасы бауыраяқты ұлулардан (Gastropoda): Gyraulus albus, L. palustris, L. truncatula, Pl. complanata, Planorbis vortex және тағы басқалары. Қосжақтаулы ұлулардан (Bivalvia) тек Anodonta cygnea түрі кездесті. Сонымен қатар, су сынамысында шаянтәрізділерден (Crustacea): Gammarus pulex (χ - β -0,65) және Limnomys tisenedini (0-1,3) кездесті. Барлық түр индикаторлары β -мезосапробты аймақты қамтыды. Биотикалық индекс 5. Су сапасы үшінші класқа сәйкес болды.

Сұлтанкелді көлі

Фитопланктон жақсы дамыған. Саны мен биомасса жағынан диатомды балдырлар басым түсіп, жалпы биомассаның 52% құрады. Орташа жалпы саны 0,41 мың дана/м³, ал биомассасы 0,039 мг/м³. Су сынамысындағы түрлер саны – 15. Сапроб индексі 1,82. Фитопланктон жағдайына байланысты, су сапасы орташа ластанған .

Есептегі айда зоопланктон бірлестігі орташа дамыған. Ескекаяқты шаяндар басымдылық танытып, жалпы зоопланктон санының 51% құрады. Талшықмұртты шаяндар 27%, ал домалақ құрттар 22% кездесті. Сынамадағы түр саны – 3. Зоопланктон саны 1,22 мың дана/м³, биомассасы 9,59 мг/м³.

Сапроб индексі 1,46-1,92 аралығында болып, орташа 1,67 көрсетті. Зоопланктон жағдайына байланысты, 3-класқа сәйкес су сапасы орташа ластанған.

Перифитон орташа дамыды. Диатомды балдырлардан: *Diatoma*, *Epithemia*, *Fragillaria*, *Rhopalodia*; жасыл балдырлардан: *Ankistrodesmus*, *Pediastrum*, **Scenedesmus** туыстары кездесті. Көк-жасыл балдырдан: *Chroococcus*, *Gomphosphaeria*, *Merismopedia* және *Microcystis* туыстары болды. Эвгленалы балдырлардан: *Euglena spirogyra*, *Phacus triqueter* және *Trachelomonas armata* түрлері кездесті. Ал кірпікшелілерден: *Dileptua anser* және *Nassula gracilis*, ал тамыраяқтылардан: *Actinophrus sol* және *Actinosphaerium eichhornii* түрлері басымдылық танытты. Сапроб индексі 1,77 құрады. Су сапасы 3-класс, орташа ластанған.

Зообентос көктем және жаз мезгілінде ұлулардан (*Bivalvia* және *Gastropoda*): *Lymnaea stagnalis* (β -1,85), *Planorbis planorbis* түрлері басымдылық танытты. Сонымен бірге су сынамасында гидроидтылар класының (*Hydrozoa*) – *Hydra* sp. және жәндіктер отрядының *Trichoptera* – *Hydropsyche* sp. өкілі және *Hemiptera* отрядының – *Naucoris cimicoides* өкілі кездесті. Күзде ұлулардан басқа, су сынамасында сүліктер, шаянтәрізділер, *Diptera* және *Hemiptera* жәндіктер отрядының дернәсілдері кездесті. Вудивиссу бойынша биотикалық индекс 5-ті құрады. Су класы – 3.

Қоқай көлі

Фитопланктон орташа дамыған. Диатомды балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 63% құрады. Жалпы орташа саны 0,28 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,03 мг/дм³ тең болды. Сынамадағы түр саны - 14. Сапроб индексі 1,76. Су класы – үшінші, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыды. Су сынамасында сан жағынан ескеаяқтылар 61% көрсетіп, басым болды. Талшық мұрттылар жалпы зоопланктон санының 31%, домалақ құрттар - 8% кездесті. Орташа саны 2,81 мың дана/м³, биомассасы 21,82 мг/м³. Сапроб индексі 1,57 құрап, үшінші класқа сәйкес болды.

Перифитон орташа дамыды. Диатомды балдырлардан *Cocconeis*, *Neidium*, *Rhoicosphenia*, *Synedra* туыстары басымдылық танытты. Жасыл балдырлар шамалы кездесті. Жасыл және көк-жасыл балдырлар бір данадан кездесті. Орташа сапроб индексі 1,78, яғни, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Бентофаунаны зерттеу кезеңінде тек бауыраяқты ұлулар басымдылық танытты. Оларға *Anisus vortex* (α - β -1,4), *Lymnaea stagnalis* (β -1,85), *L.ovata* (α -2,05) *Valvata piscinalis* (β -1,7) және басқа түрлері жатады. Сонымен қатар, *Coleoptera* – (*Hydraena* sp. мен *Hydroporus* sp.) және *Hemiptera* (*Corixa* sp. и *Naucoris cimiciodes*) отрядтарының жәндік дернәсілдері кездесті. Вудивиссу бойынша биотикалық индекс - 5 құрады. Су сапасы үшінші класқа сәйкес болды.

Теңіз көлі

Фитопланктон нашар дамыған. Саны мен биомассасы жағынан диатомды балдырлар көбірек кездесті. Жалпы орташа саны 0,09 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,012 мг/дм³ тең болды. Сынамадағы түр саны - 7. Сапроб индексі 1,82. Су класы – үшінші, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон нашар дамыды. Су сынамасы көбінесе бос болғанымен, арасында сапробы жоқ Harpacticoidae отрядының өкілдері кездесті. Осы себептен су класы анықталынбады.

Перифитон бірлестігі диатомды, көк-жасыл және эвгленалы балдырлардан құралды. Диатомды балдырлардан Gyrosigma, Nitzschia, Surirella, Synedra; көк-жасыл балдырлардан: Anabaena, Gloeocapsa, Nodularia және Oscillatoria; ал эвгленалы балдырлардан Euglena tatrlica және Phacus brevicaudatum туыстары жиі кездесті. Жасыл балдырлар кездеспеді. Сапроб индексі 1,88. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос шаянтәрізділерден (Crustacea) (Harpacticoida sp.) және жәндік отрядының дернәсілдерінен құралды: Hemiptera (Corixa sp. және Pioscoriscimicoides) мен Trichoptera (Hydropsyche sp.). Биотикалық индекс β -мезосапробы қамтыды. Орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Балқаш көлі

Фитопланктонда балдырлардың негізгі топтары кездесті. Диатомды балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 78% құрады. Жалпы саны 0,06 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,008 мг/дм³ тең болды. Су сынамасындағы орташа түр саны – 5. Сапроб индексі 1,64-1,70 аралығында болып, орташа 1,68 құрады. Фитопланктон жағдайына байланысты - су сапасы орташа ластанған.

Зоопланктон зерттелген аймақта тұрақты дамыды. Басыңқы рөлді ескекаяқты шаяндар 95% құрады. Талшықмұртты шаяндар 5%, ал домалақ құрттар кездеспеді. Орташа саны 8,43 мың дана/м³, биомассасы 108,12 мг/м³. Сапроб индексі 1,71 болды. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеудің зерттеу нәтижесіне сәйкес тест-көрсеткіш (өлген дафниялардың пайызы) бақылауға қатынасы бойынша төмендегідей: Оңтүстік бөлік, Іле өзенінің сағасынан 22 км – 0%, Оңтүстік бөлік, мыса Қарағаштың солтүстік жағалауынан 15,5 км – 0%, Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 8,0 км – 0,85%, Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 20,0 км – 0%, Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 38,5 км – 0,42%, Тараңғалық шығанағы, А130° қалдыққойманың солтүстік жағалауынан 0,7 км – 0,85%, Тараңғалық шығанағы, А130° қалдыққойманың солтүстік жағалауынан 2,5 км – 0%, бұқта Бертыс, А 210° Зеленый аралынан 6,5 км – 1,28%, бұқта Бертыс, А 107° ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 1,2 км – 1,28%, бұқта Бертыс, А107° ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 3,1 км – 1,28%, Сарышаған шығанағы, А 128°АО "Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 1,0 км – 0%, Сарышаған шығанағы, А 128°АО "Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 2,3 км – 0,42%, Сары-Есік түбегі, Ұзынарал бұғазы - 0%, Алғазы аралы, Қоржын аралының солтүстігінен 25 км - 0%, Солтүстік-Шығыс бөлігі, Қаратал өзенінің сағасынан 5,5 км - 0%. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді (8, 8.1-қосымшалар).

8.14 Ихтиологиялық мониторинг. Балық терісіндегі сынаптың мөлшері

Топырақ пен шөгінділер сынамасын алу Нұра өзенінің гидрохимиялық тұстамаларында, Самарқан және Ынтымақ су қоймалары, Қорғалжын көлдерінде (Шолақ, Есей, Коқай, Сұлтанкелді) жүргізілді (7-кесте).

Топырақтағы сынаптың шекті концентрациясы 2,1 мг/кг құрайды.

Топырақ және түптік шөгінділер сынамасында сынаптың ең үлкен мөлшері Нұра өзенінің «Садовое бөлімшесі» (0,626 – 50,66 мг/кг) тұстамасында тіркелді. Шекті жол берілген шоғырдан асқандығы 1,54 ШЖШ-дан 24,1 ШЖШ-ға дейін тіркелді. Түптік шөгінділер үлгілеріндегі сынаптың мөлшері 0,594 – 3,04 мг/кг құрады (7-кесте).

Топырақ пен түптік шөгінділердегі сынаптың жоғары мөлшері Нұра өзені ағысымен төмен қарай «бірлескен ағынды сулардан 1 км төмен» (0,020-1,20 мг/кг). Шекті түптік шөгінділердің жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелмеді. Түптік шөгінділер үлгілеріндегі сынаптың мөлшері 0,170 – 0,317 мг/кг құрады (7-кесте).

Шолақ көлінің топырағы мен түптік шөгінділеріндегі жалпы сынаптың мөлшері 0,071 мг/кг жетті, Қоқай көлінде - 0,029 мг/кг жетті, Теңіз көлінде - 0,018 мг/кг жетті (7-кесте).

2019 жылы кәсіптік балықтар терісіндегі сынаптың мөлшері (морфометриялық сипаты, сынамадағы жалпы сынаптың шоғыры)

7-кесте

N р/с	Түр атауы	L, см	Q, г	жасы, жыл	Сынап мөлшері, мг/кг
Нұра өзені, Балықты теміржол стансасы (мамыр)					
1	Торта балық	7,7	18,0	1+	<0,005
2	Торта балық	7,0	15,3	1+	<0,005
3	Торта балық	8,2	21,0	1+	<0,005
4	Торта балық	8,5	21,2	1+	<0,005
5	Торта балық	9,0	22,0	1+	<0,005
6	Өзеналабұғасы*	9,2	22,0	1+	<0,005
7	Өзеналабұғасы*	11,5	27,0	2+	0,007
8	Өзеналабұғасы*	13,6	28,0	1+	0,016
9	Өзеналабұғасы*	12,5	25,0	1+	0,010
10	Өзеналабұғасы*	11,0	23,5	1+	0,010
Самарқан су қоймасы (мамыр)					
11	Өзеналабұғасы*	22,0	188,8	2+	0,011
12	Өзеналабұғасы*	20,5	158,0	2+	0,009
13	Өзеналабұғасы*	22,5	180,0	2+	0,010

N р/с	Түр атауы	L, см	Q, г	жасы, жыл	Сынап мөлшері, мг/кг
14	Бозша мөңке	15,0	125,0	2+	0,016
15	Бозша мөңке	15,2	124,2	2+	0,016
16	Бозша мөңке	15,4	130,0	2+	0,018
17	Бозша мөңке	15,0	129,0	2+	0,015
18	Табан балық	12,6	24,0	1+	0,019
19	Табан балық	12,8	26,0	1+	0,026
20	Табан балық	12,0	24,5	1+	0,018
Ынтымақ су қоймасы (мамыр)					
21	Табан балық	14,5	54,5	1+	0,011
22	Табан балық	12,8	47,9	1+	0,024
23	Табан балық	12,5	46,0	1+	0,034
24	Табан балық	13,2	45,7	1+	0,024
25	Табан балық	13,4	48,8	1+	0,050
26	Табан балық	12,0	46,0	1+	0,062
27	Табан балық	19,2	140,0	2+	0,11
28	Табан балық	16,5	82,1	2+	0,28
29	Табан балық	18,8	120,0	2+	0,32
30	Табан балық	14,2	32,0	1+	0,19
Нұра өзені, Балықты теміржол стансасы (шілде)					
31	Табан балық	18,7	140,0	3+	<0,005
32	Табан балық	17,0	110,0	3+	<0,005
33	Табан балық	20,3	122,0	3+	<0,005
34	Табан балық	20,2	125,8	3+	<0,005
35	Табан балық	20,0	124,0	3+	<0,005
36	Кәдімгі алабұға*	18,2	87,0	3+	0,034
37	Кәдімгі алабұға*	18,0	83,0	3+	0,026
38	Кәдімгі алабұға*	17,5	79,0	3+	0,029
39	Кәдімгі алабұға*	10,0	19,0	1+	0,009
40	Кәдімгі алабұға*	8,0	16,5	1+	0,009
Самарқан су қоймасы (шілде)					
41	Табан балық	19,0	140,0	3+	0,014
42	Табан балық	19,0	141,0	3+	0,016
43	Табан балық	20,2	160,0	3+	0,020
44	Табан балық	20,5	122,0	3+	0,011
45	Табан балық	20,7	125,0	3+	0,011
46	Табан балық	17,0	120,0	2+	0,011
47	Табан балық	17,0	119,0	2+	0,009
48	Табан балық	15,0	112,0	2+	0,010
49	Табан балық	15,2	114,0	2+	0,011
50	Табан балық	14,0	95,0	2+	0,008
Ынтымақ су қоймасы (шілде)					

N p/c	Түр атауы	L, см	Q, г	жасы, жыл	Сынап мөлшері, мг/кг
51	Табан балық	21,2	174,0	3+	0,094
52	Табан балық	22,0	138,0	3+	0,082
53	Табан балық	23,0	180,0	3+	0,10
54	Бозша мөңке	14,0	119,0	2+	0,026
55	Бозша мөңке	17,0	173,0	2+	0,050
56	Бозша мөңке	17,3	185,0	2+	0,062
57	Бозша мөңке	17,0	180,0	2+	0,057
58	Торта балық	14,0	40,0	3+	0,024
59	Торта балық	11,5	32,0	2+	0,022
60	Торта балық	11,0	35,0	3+	0,025
Нұра өзені, Балықты теміржол стансасы (тамыз)					
61	Өзеналабұғасы*	17,6	113,0	3+	0,045
62	Өзеналабұғасы*	18,0	110,0	3+	0,042
63	Өзеналабұғасы*	21,0	130,0	5+	0,050
64	Өзеналабұғасы*	23,0	136,0	5+	0,053
65	Торта балық	13,8	41,0	3+	<0,005
66	Торта балық	13,6	40,5	3+	<0,005
67	Торта балық	13,0	37,7	3+	<0,005
68	Табан балық	18,2	157,0	3+	<0,005
69	Табан балық	17,5	152,0	3+	<0,005
70	Табан балық	26,7	405,0	4+	<0,005
Самарқан су қоймасы (тамыз)					
71	Табан балық	21,0	318,0	4+	0,019
72	Табан балық	24,5	358,0	4+	0,021
73	Табан балық	24,8	360,0	4+	0,020
74	Табан балық	16,7	150,0	3+	0,010
75	Табан балық	17,5	149,0	3+	0,012
76	Табан балық	16,9	162,0	3+	0,016
77	Өзеналабұғасы*	18,4	118,0	3+	0,054
78	Өзеналабұғасы*	19,5	117,0	3+	0,040
79	Торта балық	14,0	39,0	3+	0,012
80	Торта балық	15,0	47,0	3+	0,011
Ынтымақ су қоймасы (тамыз)					
81	Табан балық	27,0	430,0	4+	0,078
82	Табан балық	32,2	540,0	4+	0,086
83	Бозша мөңке	21,0	270,0	4+	0,069
84	Бозша мөңке	24,0	295,0	4+	0,052
85	Бозша мөңке	25,0	317,0	5+	0,082
86	Өзеналабұғасы*	17,0	97,0	3+	0,14
87	Өзеналабұғасы*	20,0	118,0	3+	0,16
88	Өзеналабұғасы*	19,0	107,0	3+	0,11

N р/с	Түр атауы	L, см	Q, г	жасы, жыл	Сынап мөлшері, мг/кг
89	Өзеналабұғасы*	19,2	110,0	3+	0,10
90	Өзеналабұғасы*	20,2	115,0	3+	0,10

8.15 Топырақ, түптік шөгінділер жай-күйінің мониторингі

Топырақ пен шөгінділер сынамасын алу Нұра өзенінің гидрохимиялық тұстамаларында, Самарқан және Ынтымақ су қоймалары, Қорғалжын көлдерінде (Шолақ, Есей, Коқай, Сұлтанкелді) жүргізілді (8-кесте).

Топырақтағы сынаптың шекті концентрациясы 2,1 мг/кг құрайды.

Топырақ және түптік шөгінділер сынамасында сынаптың ең үлкен мөлшері Нұра өзенінің «Садовое бөлімшесі» (0,626 – 50,66 мг/кг) тұстамасында тіркелді. Шекті жол берілген шоғырдан асқандығы 1,54 ШЖШ-дан 24,1 ШЖШ-ға дейін тіркелді. Түптік шөгінділер үлгілеріндегі сынаптың мөлшері 0,594 – 3,04 мг/кг құрады (8-кесте).

Топырақ пен түптік шөгінділердегі сынаптың жоғары мөлшері Нұра өзені ағысымен төмен қарай «бірлескен ағынды сулардан 1 км төмен» (0,020-1,20 мг/кг). Шекті түптік шөгінділердің жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелмеді. Түптік шөгінділер үлгілеріндегі сынаптың мөлшері 0,170 – 0,317 мг/кг құрады (8-кесте).

Шолақ көлінің топырағы мен түптік шөгінділеріндегі жалпы сынаптың мөлшері 0,071 мг/кг жетті, Қоқай көлінде - 0,029 мг/кг жетті, Теңіз көлінде - 0,018 мг/кг жетті (8-кесте).

8-кесте

Гидрохимиялық бекет атауы	Сынама алу күні, айы, жылы	Сынама алу орны (бекітілген жер, м)	Ағын тереңдігі, м	Сынама алу тереңдігі, м	Сынап мөлшері, мг/кг	ШЖШ асу еселігі
Нұра өзені, Балықты темір жол станциясы	03.06.2019	1 м сол жағалауынан*	0,30*	0 – 0,1	0,018	
	-/-	3 м сол	-	0 – 0,1	0,022	
	-/-	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,036	
	-/-	3 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,053	
	-/-	6 м сол	-	0 – 0,1	0,043	
Самарқан су қоймасы, бөгеннен 0,5 км жоғары	04.06.2019	1 м сол	-	0 – 0,1	0,017	
	-/-	1 м сол	-	0,2 – 0,3	0,012	
	-/-	3 м сол	-	0 – 0,1	0,301	
	-/-	3 м сол	-	0,2 – 0,3	0,222	
	-/-	6 м сол	0,30*	0 – 0,1	0,020	
Нұра өзені, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ	04.06.2019	1 м сол	-	0 – 0,1	0,150	
	-/-	1 м сол	-	0,2 -0,3	0,077	
	-/-	3 м сол	-	0 – 0,1	0,936	
	-/-	3 м сол	-	0,2 – 0,3	0,310	

Гидрохимиялық бекет атауы	Сынама алу күні, айы, жылы	Сынама алу орны (бекітілген жер, м)	Ағын тереңдігі, м	Сынама алу тереңдігі, м	Сынап мөлшері, мг/кг	ШЖШ асу еселігі
және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарымынан 1 км жоғары	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,025	
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,2	0,064	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,018	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,011	
	-//-	0,5 м оң жағалауынан *	0,30*	0 – 0,2	0,082	
	-//-	0,5 м сол жағалауынан *	0,40*	0 – 0,2	0,231	
Нұра өзені, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарымынан 1 км төмен	04.06.2019	1 м сол	-	0 – 0,1	1,12	
	-//-	1 м сол	-	0,2 – 0,3	0,075	
	-//-	3 м сол	-	0 – 0,1	1,20	
	-//-	3 м сол	-	0,2 – 0,3	0,475	
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,221	
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,020	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,369	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0,2 -0,3	0,162	
	-//-	0,5 м сол	0,25*	0 – 0,1	0,170	
	-//-	0,5 м оң	0,45*	0 – 0,1	0,317	
Нұра өзені, Садовое бөлімшесі	04.06.2019	1 м сол	-	0 – 0,1	3,23	1,54
	-//-	1 м сол	-	0,2 – 0,3	1,58	
	-//-	3 м сол	-	0 – 0,1	4,39	2,09
	-//-	3 м сол	-	0,2 -0,3	48,93	23,3
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	1,57	
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0,2 -0,3	0,633	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0 -0,1	0,626	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0,2 -0,3	50,66	24,1
	-//-	0,5 м оң	0,40*	0 – 0,1	0,594	
	-//-	0,5 м сол	0,40*	0 – 0,1	3,04	1,45
Нұра өзені, Теміртау қ. «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарымынан 5,7 км төмен	04.06.2019	1 м сол	-	0 – 0,1	0,326	
	-//-	1 м сол	-	0,2 – 0,3	0,066	
	-//-	2 м сол	-	0 – 0,1	0,150	
	-//-	2 м сол	-	0,2 – 0,3	0,045	
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,124	
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,203	
	-//-	2 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,234	
	-//-	2м оң жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,077	
	-//-	оң жағалауынан 0,5 м оң жағалауынан *	0,17*	0 – 0,1	0,140	
	-//-	1,0 м сол жағалауынан *	0,24*	0 – 0,1	0,095	

Гидрохимиялық бекет атауы	Сынама алу күні, айы, жылы	Сынама алу орны (бекітілген жер, м)	Ағын тереңдігі, м	Сынама алу тереңдігі, м	Сынап мөлшері, мг/кг	ШЖШ асу еселігі
Нұра өзені, Жана Талап ауылы	04.06.2019	1 м сол	-	0 – 0,1	0,057	
	-//-	1 м сол	-	0,2 - 0,3	0,073	
	-//-	3 м сол	-	0 – 0,1	0,051	
	-//-	3 м сол	-	0,2 - 0,3	0,044	
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,053	
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0,2 - 0,3	0,068	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,053	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0,2 - 0,3	0,054	
	-//-	0,5 м оң	0,30*	0 – 0,2	0,026	
-//-	1 м сол	0,30*	0 – 0,3	0,036		
Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының жоғарғы бьефі	10.06.2019	1 м оңжағалауынан	-	0 – 0,1	0,006	
	-//-	1 м оңжағалауынан	-	0,2 - 0,3	0,005	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,014	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0,2 - 0,3	0,011	
	-//-	1 м оң жағалауынан	0,20*	0 – 0,3	0,010	
Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының төменгі бьефі	10.06.2019	оң жағалауы300м бөгеттен жоғары жағалаудан 3 м	-	0,2 - 0,3	0,008	
	-//-	оң жағалауы300м бөгеттен жоғары жағалаудан 1 м	-	0 – 0,1	0,338	
	-//-	оң жағалауы300м бөгеттен жоғары жағалаудан 0,5 м*	0,40*	0 – 0,1	0,027	
	-//-	оң жағалауы300м бөгеттен жоғары жағалаудан 1 м	-	0,2 - 0,3	0,014	
	-//-	оң жағалауы300м бөгеттен жоғары жағалаудан 1 м*	0,20*	0 – 0,3	0,007	
Нұра өзені, Ақмешіт ауыл шегінде	10.06.2019	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,025	
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,016	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	<0,005	
	-//-	0,5 м сол жағалауынан*	0,20*	0 – 0,2	0,027	
	-//-	сол жағалаудан3 м	-	0,2 – 0,3	0,006	
Нұра өзені, Нұра кенті	11.06.2019	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,007	
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,020	
	-//-	оң жағалаудан 0,2	0,20*	0 – 0,2	<0,005	
	-//-	2 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,016	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,012	

Гидрохимиялық бекет атауы	Сынама алу күні, айы, жылы	Сынама алу орны (бекітілген жер, м)	Ағын тереңдігі, м	Сынама алу тереңдігі, м	Сынап мөлшері, мг/кг	ШЖШ асу еселігі
Нұра өзені, Рахымжан Қошқарбаев а.	11.06.2019	1 м сол жағалаудан	-	0 – 0,1	0,008	
	-//-	1 м сол жағалаудан	-	0,2 – 0,3	0,009	
	-//-	1 м сол жағалаудан	0,20*	0 – 0,2	0,017	
	-//-	3 м сол жағалаудан	-	0 – 0,1	0,007	
	-//-	3 м сол жағалаудан	-	0,2 – 0,3	0,006	
Нұра өзені, Кенбидай су торабы,	11.06.2019	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,008	
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,018	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,005	
	-//-	3 м оң жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,013	
	-//-	1 м оң жағалауынан	0,60*	0 – 0,1	0,039	
Нұра өзені, Қорғалжын а.	12.06.2019	1 м оң жағалауынан	-	0 – 0,1	0,017	
	-//-	1 м оң жағалауынан	-	0,2 – 0,3	0,016	
	-//-	сол жағалаудан 0,2 м	0,40*	0 – 0,2	0,019	
	-//-	1 м сол жағалаудан	-	0 – 0,1	0,011	
	-//-	1 м сол жағалаудан	-	0,2 – 0,3	0,009	
Шолақ көлі Қорғалжын қорығы, солтүстік-батыс жағалауы	12.06.2019	жағалаудан 1 м	-	0 – 0,1	0,071	
	-//-	жағалаудан 1 м	-	0,2 – 0,3	0,017	
	-//-	жағалаудан 3 м	-	0 – 0,1	0,014	
	-//-	жағалаудан 3 м	-	0,2 – 0,3	0,012	
	-//-	жағалаудан 1 м *	0,45*	0 – 0,1	0,007	
Есей көлі, Қорғалжын қорығы, солтүстік жағалауы	12.06.2019	жағалаудан 1 м	-	0 – 0,1	<0,005	
	-//-	жағалаудан 5 м	-	0 – 0,1	<0,005	
	-//-	жағалаудан 5 м	-	0,2 – 0,3	<0,005	
	-//-	жағалаудан 3 м	-	0 – 0,3	<0,005	
	-//-	жағалаудан 1 м*	0,35*	0 – 0,2	0,007	
Сұлтанкелді көлі, Қорғалжын қорығы, солтүстік-шығыс жағалауы	13.06.2019	жағалаудан 0,5 м	-	0 – 0,1	0,007	
	-//-	жағалаудан 0,5 м	-	0,2 – 0,3	0,006	
	-//-	жағалаудан 3 м	-	0 – 0,1	0,009	
	-//-	жағалаудан 3 м	-	0,2 – 0,3	0,009	
	-//-	жағалаудан 0,2 м*	0,28*	0 – 0,2	0,019	
Кокай көлі, Қорғалжын қорығы, солтүстік-шығыс жағалауы	13.06.2019	жағалаудан 0,5 м	-	0 – 0,1	0,018	
	-//-	жағалаудан 1 м	-	0 – 0,3	0,017	
	-//-	жағалаудан 3 м	-	0 – 0,1	0,018	
	-//-	жағалаудан 3 м	-	0,2 – 0,3	0,014	
	-//-	жағалаудан 1 м *	0,33*	0 – 0,1	0,029	
Теніз көлі, Қорғалжын қорығы,	13.06.2019	жағалаудан 0,5 м	-	0 – 0,1	0,012	
	-//-	жағалаудан 1 м	-	0 – 0,3	0,011	
	-//-	жағалаудан 3 м	-	0 – 0,1	0,011	

Гидрохимиялық бекет атауы	Сынама алу күні, айы, жылы	Сынама алу орны (бекітілген жер, м)	Ағын тереңдігі, м	Сынама алу тереңдігі, м	Сынап мөлшері, мг/кг	ШЖШ асу еселігі
солтүстік-шығыс жағалауы	-//-	жағалаудан 3м	-	0,2 – 0,3	0,018	
	-//-	жағалаудан 1 м *	0,33*	0 – 0,1	0,011	

Ескерту: * - түптік шөгінділер сынамасы

8.16 Қарағанды облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Көктем мезгілінде Балқаш қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамасы құрамында мырыш – 78,2-326,8 мг/кг, хром – 1,9-10,2 мг/кг, қорғасын – 188,4-814,8 мг/кг, мыс– 36,8-116,4 мг/кг, кадмий – 5,2-12,6 мг/кг шамасында өзгерді.

Балқаш тау кен металлургиясы (БТКМ) аумағындағы топырақ көбірек ластанған болып табылады, мұнда мыс шоғыры 38,8 ШЖШ, қорғасын – 25,5 ШЖШ, мырыш - 14,2 ШЖШ; БТКМ ауруханасы аумағында - мыс –31,5 ШЖШ, қорғасын – 14,6 ШЖШ, мырыш – 9,7 ШЖШ құрады.

Көктемде қаланың басқа ауданындағы ШЖШ асуы байқалған ауыр металдар құрамы:

- ЖЭС ауданында- мыс – 28,9 ШЖШ, қорғасын – 9,5 ШЖШ, мырыш – 9,9ШЖШ;

- Ленин және Әлімжанов көшелері қиылысы аумағында: мыс – 15,4 ШЖШ, қорғасын – 5,9 ШЖШ және мырыш – 5,3 ШЖШ;

- саябақ аумағы ауданында - мыс 12,3 ШЖШ, қорғасын – 7,7 ШЖШ, мырыш -3,4 ШЖШ құрады.

Күз мезгілінде Балқаш қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамалары құрамында мырыш–110,2-295,4 мг/кг, хром – 0,99-7,2 мг/кг, қорғасын – 211,4-926,2 мг/кг, мыс– 54,2-149,2 мг/кг, кадмий – 2,6-12,4 мг/кг шамасында болды.

Балқаш тау кен металлургиясы(БТКМ) ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 49,7 ШЖШ, қорғасын – 28,9 ШЖШ, мырыш– 12,8 ШЖШ артуы анықталды.

БТКМ емханасы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 23,5 ШЖШ, қорғасын – 17,6 ШЖШ, мырыш – 8,0 ШЖШ артуы анықталды.

ЖЭС ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 36,8 ШЖШ, қорғасын – 12,9 ШЖШ, мырыш – 6,6 ШЖШ артуы анықталды.

Ленин және Әлімжанов көшелері қиылысы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 18,9 ШЖШ, қорғасын – 7,4 ШЖШ, мырыш – 7,8 ШЖШ артуы анықталды.

Саябақ аумағы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 18,1 ШЖШ, қорғасын – 6,6 ШЖШ, мырыш – 4,8 ШЖШ артуы анықталды.

Көктем мезгілінде Жезқазған қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамасында хром 1,4-4,1 мг/кг, мырыш – 40,2-156,2 мг/кг, қорғасын – 94,8-310,2 мг/кг, мыс– 10,6-84,6 мг/кг, кадмий – 0,9-3,3 мг/кг шамасында өзгерді.

Топырақ көбірек ластанған болып автомагистраль ауданында мыс концентрациясы 28,2 ШЖШ, қорғасын – 9,7 ШЖШ, мырыш - 6,8 ШЖШ; «Жезқазған мыс қорыту зауыты» санитарлы қорғау аймағы шекарасында мыс концентрациясы 14,8 ШЖШ, қорғасын – 3,9 ШЖШ, мырыш- 4,3 ШЖШ құрады.

Көктемде қаланың басқа ауданындағы ШЖШ асуы байқалған ауыр металдар құрамы:

- №3 мектеп территориясында мыс концентрациясы – 3,5 ШЖШ, қорғасын – 3,0 ШЖШ, мырыш – 1,7 ШЖШ;

- Кеңгір су сақтау қоймасы ауданында мыс концентрациясы 11,4 ШЖШ, мырыш – 2,4 ШЖШ, қорғасын – 3,1 ШЖШ;

- ЖЭС аумағынан 1 км ары орналасқан санитарлы қорғау аймағында қорғасын концентрациясы 3,1 ШЖШ, мыс- 11,4 ШЖШ, мырыш -2,4 ШЖШ;

Күз мезгілінде Жезқазған қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында хром құрамы 0,9-2,36 мг/кг, мырыш – 42,1-224,5 мг/кг, қорғасын – 78,4-223,4 мг/кг, мыс– 11,8-45,8 мг/кг, кадмий – 1,14-2,1мг/кг шамасында болды.

Автомагистраль ауданындағы топырақ ең ластанған: сынамасында мыс бойынша 15,3 ШЖШ, қорғасын –7,0 ШЖШ, мырыш–9,8 ШЖШ артуы анықталды.

«Жезқазған мыс қорыту зауыты» санитарлы қорғау аймағы шекарасындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 9,8 ШЖШ, қорғасын – 2,7 ШЖШ, мырыш – 2,8 ШЖШ артуы анықталды.

Күз мезгілінде қаланың басқа аудандарында ауыр металдар шоғырлары:

- №3 мектеп ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша – 3,9 ШЖШ, қорғасын – 3,5 ШЖШ, мырыш – 2,5 ШЖШ ;

- Кеңгір су сақтау қоймасы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 8,5 ШЖШ, мырыш – 2,7 ШЖШ, қорғасын – 4,2 ШЖШ ;

-ЖЭС аумағынан 1 км ары орналасқан санитарлы қорғау аймағындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 6,9 ШЖШ, қорғасын – 2,5 ШЖШ, мырыш– 1,8 ШЖШ артуы анықталды.

Көктем мезгілінде Қарағанды қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамасының құрамында мыс 0,8-3,2 мг/кг, хром – 0,2-0,8 мг/кг, мырыш –11,6-25,4 мг/кг, қорғасын – 18,6-25,8 мг/кг, кадмий – 0,1-0,2 мг/кг шамасында өзгерді.

«Субурханская» Орталық байыту фабрикасы ауданында мыс концентрациясы 1,1 ШЖШ, мырыш – 1,1 ШЖШ құрады.

№101 мектеп ауданында («Гүлдер» мөлтек ауданы), «Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС құю зауыты ауданында, Октябрь ауданындағы ЖЭС-3 ауданында, Қарағаны және Теміртау қалалары автокөлік трассасы

ауданында алынған топырақ сынамаcында барлық анықталатын қоспалар бойынша ШЖШ асуы байқалмады.

Күз мезгілінде Қарағанды қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында мыс құрамы 1,1-4,11 мг/кг, хром – 0,22-1,0 мг/кг, мырыш – 15,4-21,6 мг/кг, қорғасын – 12,8-28,6 мг/кг, кадмий – 0,16-0,22 мг/кг шамасында болды.

Октябрь ауданындағы ЖЭС-3 ауданындағы топырақ сынамаcында қорғасын бойынша 1,3 ШЖШ артуы анықталды.

«Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС құю зауыты ауданындағы топырақ сынамаcында мыс бойынша 1,4 ШЖШ артуы анықталды.

№101 мектеп ауданында («Гүлдер» мөлтек ауданы), Қарағанды және Теміртау қалалары автокөлік трассасы және «Субурханская» Орталық байыту фабрикасы ауданында анықталатын барлық ауыр металдар шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Көктем мезгілінде Теміртау қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаcының хром құрамы 0,7-3,1 мг/кг, мыс – 0,6-3,8 мг/кг, мырыш - 16,4-29,6 мг/кг және қорғасын – 16,8-42,6 мг/кг, кадмий – 0,2-0,6 мг/кг шамасында болды.

Автостанция ауданында көктемде мырыш шоғыры 1,1 ШЖШ, мыс - 1,1 ШЖШ, қорғасын - 1,2 ШЖШ құрады.

Нан зауыты ауданында мыс құрамы 1,3 ШЖШ, мырыш - 1,3 ШЖШ, құрады.

№11 мектеп ауданында қорғасын шоғыры 1,2, мыс - 1,0 ШЖШ, мырыш - 1,0 ШЖШ құрады.

Автомагистраль ауданында қорғасын шоғыры 1,3 құрады.

ЖЭС-2 ауданында ауыр металдар шоғыры ШЖШ - дан аспады.

Күз мезгілінде Теміртау қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында хром құрамы 0,52-2,42 мг/кг, мыс – 0,64-4,15 мг/кг, мырыш– 14,6-26,2 мг/кг, қорғасын –20,4-44,6 мг/кг, кадмий – 0,21-0,72 мг/кг шамасында болды.

Автобекет ауданындағы топырақ сынамаcында қорғасын бойынша 1,0 ШЖШ, мырыш бойынша 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

Нан зауыты ауданында қорғасын құрамы 1,0 ШЖШ, мыс - 1,4 ШЖШ, мырыш - 1,0 ШЖШ деңгейінде болды.

Автомагистраль ауданындағы топырақ сынамаcында қорғасын бойынша 1,4 ШЖШ, мырыш - 1,0 ШЖШ артуы анықталды.

№11 мектеп ауданындағы, ЖЭС-2 ауданында топырақ сынамаcында анықталатын барлық ауыр металдар шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

8.17 Қарағанды облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 5 метеорологиялық стансада (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Керней, Родниковский ауылы) және Қарағанды қаласының (№5

ЛББ), Теміртау қаласының (№2 ЛББ) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (8.10 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,03-0,49 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

8.18 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (8.10-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8 – 4,1 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



8.10 сур. Қарағанды облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

9 Қостанай облысының қоршаған ортажай-күйі


9.1 Қостанай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (9.1-сур., 9.1-кесте).

9.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
1	тәулікте 3 рет	қол күшімен сынама алынатын бекеттер (дискретті әдістер)	Қайырбеков көшесі, 379; тұрғын ауданы	қалқыма бөлшектері, (шаң) күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді
3			Досжанова көш-сі 43, қала орталығы	
2	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Бородина көшесі, 142 үйдің ауданы	PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртек оксиді, диоксид және оксид азоты, күкірт диоксиді, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквивалентті дозасы
4			Маяковского-Волынова көшесі	



9.1-сурет. Қостанай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.1-сур.) қалада атмосфералық ауаның жалпыластану деңгейі **төмен деңгейде** болып бағаланды, ол АЛИ=3 (төмен деңгей), СИ=4,0 (көтеріңкі деңгей) азот оксиді бойынша № 4 бекет аумағында (Маяковского-Волынова көшесі) және ЕЖҚ=2% (көтеріңкі деңгей) анықталды (1, 2, 3 сур.).

**БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.*

Ластаушы заттардың ораташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғырлары: қалқыма бөлшектері (шаң) – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 3,8 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 2,9 ШЖШ_{м.б.}, көміртек оксиді – 2,2 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 3,5 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 4,0 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


9.2 Рудный қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.2-сур., 9.2-кесте).

9.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
5	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Молодой Гвардии көшесі 4-ші тұйық көшесі	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді көміртек оксиді, диоксид және оксид азоты, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквивалентті дозасы
6			Мешіттің қасында	



9.2-сурет. Рудный қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.2 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *төмен деңгейде* болып бағаланды, ол АЛИ=1 (төмен деңгей), СИ=3,7 (төмен деңгей) №5 бекет аумағында (Молодой Гвардии көшесі, 4-ші тұйық көшесі) және ЕЖҚ=1% (төмен деңгей) №6 (Мешіттің қасында) анықталды (1, 2, 3 сур.).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары: азот диоксиді – 1,1 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттарыдың максималды-бір реттік шоғырлары: РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 3,7 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 2,4 ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

9.3 Қарабалық кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (9.3-сур., 9.3-кесте).

9.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
13	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Гагарин көшесі, 40	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері,

			«А»	аммиак, азот оксиді және диоксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, күкіртті сутек, озон
--	--	--	-----	---



9.3 сур. Қарабалық кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.3-сур.) кентте атмосфералық ауаның жалпыластану деңгейі **төмен деңгейде** болып бағаланды, ол АЛИ=1 (төмен деңгей), СИ=1,9 (көтеріңкі деңгей) озон бойынша және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1,2, 3-сур.).

**БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.*

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың аксималды-бірлік шоғырлары: озон (жербетті) – 1,9 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, аммиак – 1,5 ШЖШ_{м.б.} басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

9.4 Лисаков қаласы бойынша эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа ластануының жай-күйі

Лисаков қаласының атмосфералық ауа жай - күйіне бақылау 1 нүктеде (Лисаков қ. - №1 нүкте) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектері (шаң), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азо оксиді, күкірт сутегі және озон өлшенді.

Эпизодтық бақылау негіздері бойынша Лисаков қаласында максималды-бір реттік шоғырлар қалқыма бөлшектері (шаң) – 5,1 ШЖШ, азот оксиді 1,0 ШЖШ, күкірт диоксиді 8,2 ШЖШ, азот оксиді 4,1 ШЖШ, күкіртті сутегі 7,0 ШЖШ, озон (жербетті) – 4,2 ШЖШ құрады. Басқа ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.4-кесте).

9.4 кесте

Лисаков қаласы бақылау мәліметі бойынша ластану заттарының шоғырлануларының ең жоғары деңгейі

Анықталғыш қоспа	Алу нүктесі	
	№ 1	
	qm мг/м3	qm/ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаңдар)	2,55	5,1
Азот диоксиді	0,14	1,0
Күкірт диоксиды	3,81	8,2
Көміртегі оксиді	2	0
Азот оксиді	1,65	4,1
Күкірт сутегі	0,06	7,0
Озон (жербетті)	0,61	4,2

9.5 Жітіқара қаласы бойынша бақылаудың кездейсоқ мәліметі бойынша атмосферлық ауа ластануының жай-күйі

Жітіқара қаласының атмосфералық ауа жай - күйіне бақылаулар 1 нүктеде (*Жітіқара қ. - №1 нүкте*) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектері (шаң), күкірт диоксиды, көміртек оксиді, азот диоксиды, азо оксиді, күкірт сутегі және озон өлшенді.

Эпизодтық бақылау негіздері бойынша Жітіқара қаласында максималды-бір реттік шоғырлар қалқыма бөлшектері (шаң) 1,4 ШЖШ, күкірт диоксиді 3,3 ШЖШ, азот оксиді 2,3 ШЖШ, күкіртсутек 8,6 ШЖШ, озон (жербетті) 2,0 ШЖШ құрады. Басқа ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.5-кесте).

9.5 кесте

Жітіқара қаласы бақылау мәліметі бойынша ластану заттарының шоғырлануларының ең жоғары деңгейі

Анықталғыш қоспа	Алу нүктесі	
	№ 1	
	qm мг/м3	qm/ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаңдар)	0,72	1,4
азот диоксиді	0,22	1,1
Күкірт диоксиді	1,67	3,3
Көміртегі оксиді	0,9	0,2
Азот оксиді	0,9	2,3
Күкірт сутегі	0,07	8,6

Озон	0,32	2,0
------	------	-----

9.6 Арқалық қаласы бойынша бақылаудың кездейсоқ мәліметі бойынша атмосферлық ауа ластануының жай-күйі

Арқалық қаласының атмосфералық ауа жай - күйіне бақылаулар 1 нүктеде (Арқалық қ. - №1 нүкте) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектері (шаң), күкірт диоксиды, көміртек оксиді, азот диоксиды, азо оксиді, күкірт сутегі және озон өлшенді.

Эпизодтық бақылау негіздері бойынша Арқалық қаласында максималды-бір реттік шоғырлар азот диоксиді 3,8 ШЖШ, күкірт диоксиді 1,3 ШЖШ, азот оксиді 3,5 ШЖШ, күкіртсутек 2,6 ШЖШ, озон (жербетті) 1,0 ШЖШ құрады. Басқа ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.6-кесте).

9.6 кесте

Арқалық қаласы бақылау мәліметі бойынша ластану заттарының шоғырлануларының ең жоғары деңгейі

Анықталғыш қоспа	Алу нүктесі	
	№ 1	
	qm мг/м3	qm/ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаңдар)	0,1	0,2
Азот диоксиді	0,77	3,8
Күкірт диоксиді	0,66	1,3
Көміртегі оксиді	0,94	0,2
Азот оксиді	0,02	3,5
Күкірт сутегі	0,02	2,6
Озон	0,16	1,0

9.7 Заречный кенті бойынша бақылаудың кездейсоқ мәліметі бойынша атмосферлық ауа ластануының жай-күйі

Заречный кентінің атмосфералық ауа жай - күйіне бақылаулар 1 нүктеде (Заречный к. - №1 нүкте) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектері (шаң), күкірт диоксиды, көміртек оксиді, азот диоксиды, азо оксиді, күкірт сутегі және озон өлшенді.

Эпизодтық бақылау негіздері бойынша Заречный кентінде максималды-бір реттік шоғырлары: қалқыма бөлшектері (шаң) 5,5 ШЖШ, азот диоксиді 2,4 ШЖШ, күкірт диоксиді 2,0 ШЖШ, азот оксиді 7,1 ШЖШ, күкіртсутек 4,6 ШЖШ; озон (жербетті) 3,7 құрады. Басқа ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.7-кесте).

**Заречный кентін бақылау мәліметі бойынша ластану заттарының
шоғырлануларының ең жоғары деңгейі**

Анықталғыш қоспа	Алу нүктесі	
	№ 1	
	қгм мг/м3	қгм/ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шандар)	2,73	5,5
азот диоксиді	0,48	2,4
Күкірт диоксиды	0,98	2,0
Көміртегі оксиді	1,2	0,2
Азот оксиді	2,83	7,1
Күкірт сутегі	0,04	4,6
Озон	0,6	3,7

**9.8 Дружба кенті бойынша бақылаудың кездейсоқ мәліметі бойынша
атмосферлық ауа ластануының жай-күйі**

Дружба кентінің атмосфералық ауа жай - күйіне бақылаулар 1 нүктеде (Дружба к. - №1 нүкте) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектері (шандар), күкірт диоксиды, көміртек оксиді, азот диоксиды, азот оксиді, күкірт сутегі және озон өлшенді.

Эпизодтық бақылау негіздері бойынша Дружба кентінде максималды-бір реттік шоғырлары: қалқыма бөлшектері (шан) 1,8 ШЖШ, азот диоксиді 4,3 ШЖШ, күкірт диоксиді 2,9 ШЖШ, күкіртсутек 1,9 ШЖШ құрады. Басқа ластанушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.8-кесте).

**Дружба кентін бақылау мәліметі бойынша ластану заттарының
шоғырлануларының ең жоғары деңгейі**

Анықталғыш қоспа	Алу нүктесі	
	№ 1	
	қгм мг/м3	қгм/ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шандар)	0,89	1,8
Азот диоксиді	0,87	4,3
Күкірт диоксиды	1,47	2,9
Көміртегі оксиді	2,3	0,5
Азот оксиді	0,3	0,7
Күкірт сутегі	0,02	1,9
Озон	0,12	0,7

9.9 Қостанай облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау Қостанай метеостанциясында (МС) (9.4 сур.) жүргізілді.

Кадмидан басқа, Қостанай МС жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 23,65 %, гидрокарбонаттар 28,42 %, хлоридтер 14,20 %, кальций иондары 11,28 %, натрий 9,40 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация 46,23 мг/л, электр өткізгіштік – 77,95 мкСм/см құрады.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы әлсіз қышқыл сипатта болды (6,42).

9.10 Қостанай облысы бойынша 2019 ж. арналған қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияда (МС) (Қостанай, Арқалық, Тобыл) (9.4-сурет) жүргізілді.


Қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Қар жамылғысы сынамаларында гидрокарбонаттар 25,26%, сульфаттар 18,77 %, хлоридтер 20,76 % кальций иондары 10,52 %, натрий иондары 13,01 % басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Қостанай МС – 63,74мг/л, ең азы Тобыл МС - 103,39 мг/л белгіленді.

Қар жамылғысының үлесті электр өткізгіштігі 39,0 мкСм/см-ден (Қостанай МС) 179,4 мкСм/см (Тобыл МС) дейінгі шекте болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық әлсіз қышқыл сипатта болып, 5,26 (Қостанай МС) – 6,27 (Арқалық МС) аралығында болды.



9.4 сур. Қостанай облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

9.11 Қостанай облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Қостанай облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 11 су нысанында (Тобыл, Әйет, Тоғызак, Үй, Обаған, Желқуар, Қараторғай өзендері, Аманкелді, Қаратамар, Жоғарғы Тобыл, Шортанды су қоймаларында) өткізілді.

Тобыл өзені өз басын Көкпекті және Бозбие өзендерінің бірігу орнынан Оңтүстік Орал таулары арасында, Қостанай облысындағы далада және кең далаларда ағып жатыр. Қазіргі уақытта Тобыл су айдыны су қоймаларының каскадының көмегімен реттеледі. Желқуар (Жітіқара қ), Верхнетобольское (Лисаковск қ), Қаратамар, Сергеевское (Рудный қ) және Амангелді (Қостанай қ) су қоймалары құрылды. Бұдан әрі, Ресей Федерациясының Қорған, Түмен облысы арқылы Тавды, Тура, Исети, Обаған, Үй, Әйет, Тоғызак өзендерінің суларын сіңіріп, ежелгі орыс Тобольск қаласының аймағында Ертіс өзеніне ағылады.

Бірыңғай классификация бойынша судың сапасы келесідей бағаланады:

Тобыл өзені:

-Аққарға а. тұстамасы, ауылдан 1 км ОШ г/б тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций - 541,3 мг/л, магний - 588,9 мг/л, минерализация - 9932,6, сульфаттар - 1766,7 мг/л, хлоридтер - 4380,2 мг/л. Хлоридтер, кальций, магний, минерализация, сульфаттар концентрациялары фондық кластан асады.

-Гришенка а. тұстамасы, ауылдан 0,2 км төмен г/б тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер - 380,0 мг/л. Хлоридтер концентрациясы фондық кластан асады.

-Қостанай қ. тұстамасы, Қалсуарна Басқармасы 1 км жоғары: су сапасы 5 класқа жатады: никель – 0,109 мг/л. Никель концентрациясы фондық кластан асады.

